



“АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ” АҚ



АО “АГРАРНАЯ КРЕДИТНАЯ КОРПОРАЦИЯ”



**ЖЫЛДЫҚ  
ЕСЕП**







# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2016





## МАЗМҰНЫ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР	4
НЕГІЗГІ УАҚИҒАЛАР	6
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	8
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	10
1. САЛАҒА ШОЛУ	12
2. КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	14
3. КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ	16
3.1. КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ	18
3.2. БИЗНЕС-ҮЛГІ	19
4. ҚЫЗМЕТІНІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ	20
4.1. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	21
4.2. НЕГІЗГІ КРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	21
4.3. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	22
4.4. ҚАРЫЗ ҚОРЖЫНЫ	23
4.5. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСУ	24
4.6. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСУ	25
5. ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	26
5.1. ТАБЫС ПЕН ШЫҒЫН ДИНАМИКАСЫ	27
5.2. ТАЗА ПАЙДА ДИНАМИКАСЫ	28
5.3. ТЕҢГЕРІМ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ДИНАМИКАСЫН ТАЛДАУ	29
5.4. КОРПОРАЦИЯНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ	32
6. ДАМУ КЕЛЕШЕГІ	34
7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	36
7.1. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	37
7.2. НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	38


<b>8. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ</b>	<b>40</b>
8.1. МЕНЕДЖМЕНТ ҚҰРЫЛЫМЫ	41
8.2. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР	41
8.3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ	42
8.4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР	45
8.5. БАСҚАРМА	47
8.6. БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП	48
8.7. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА СЫЙАҚЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ	48
8.8. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ	49
8.9. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	49
<b>9. САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ</b>	<b>50</b>
<b>10. КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС</b>	<b>52</b>
10.1. КАДР САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ	53
10.2. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС	53
10.3. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ	55
10.4. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ	55
<b>11. МАРКЕТИНГ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ PR</b>	<b>56</b>
ТАБЫСҚА ЖЕТУ ТАРИХЫ	59
ЕСЕП ТУРАЛЫ	82
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	83






## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР


### ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ




### ҚАРЫЗ ПОРТФЕЛІ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ



### ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ



### КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ






## НЕГІЗГІ УАҚИҒАЛАР

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қамтамасыз етусіз республикалық бюджеттен бюджеттік кредит алу үшін қаржы агенттігі мәртебесін алды. Бұл – Корпорацияға көктемгі дала жұмыстары мен егін жинау жұмыстарының бірыңғай операторы ретінде әрекет етуге мүмкіндік берді.

Ауылда техника паркін жаңартуға бағытталған және шаруалар үшін ыңғайлы жаңа «Кредиттік серіктестіктер арқылы ауыл шаруашылығы техникасының сатып алынуы мен жаңартылуын кредиттеу» кредит өнімі ойдағыдай енгізіліп, кеңінен қолданылып келеді.

Кредит өнімдері желісі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің барлық санаттары үшін жаңартылды.



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның 2016–2020 жылдарға арналған Ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясы бекітілді.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мен «Қазпошта» АҚ арасында шалғай аудандардағы қарыз алушылар үшін Корпорацияның кредиттеу өнімдерінің қолжетімділігін арттыру мақсатында қаржылық қызметтердің ақысын төлеу желісін кеңейту туралы меморандум жасалды.

Негізгі қарыз бойынша төлем мерзімін/күнін ұзарту бойынша қарызды қайта құрылымдауға арналған өтініштерді қарттау мерзімі бекітілген кесте шеңберінде 9 айға дейінгі мерзімге қысқартылды.



Қарыз алушылар үшін талап етілетін құжаттар пакеті 24%-ға қысқартылды. Мысалы, заңды тұлғалар үшін мұндай пакет 27 құжаттан тұрған болса, қазір ол 19 құжатқа дейін қысқартылды, ал жеке тұлғалар үшін 16 құжаттан тұрған болса, қазір ол 12 құжатқа дейін қысқартылды.

Жарғылық капитал 158,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылды.

СМЖ халықаралық сертификатын қайта сертификаттау жөніндегі шаралар жүргізілді, ИСО 9001:2008 ХС нұсқасы бойынша СМЖ Сәйкестік сертификаты алынды.

**15 жыл**

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның алдағы трансформациялануына сәйкес қызметінің стратегиялық бағытындағы өзгерістерге сай Rentenbank үлгісі бойынша қаржы институттарын қорландыру механизмдерін іске асыру үшін Компания қызметінің негізгі көрсеткіштері қайта қаралды.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



### **Құрметті клиенттер мен әріптестер,**

Ауыл шаруашылығы кез-келген мемлекеттің стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ажырамас элементі болып табылады. Құнарлы жерлердің қайтымсыз шөлге айналуы, мал жаю үшін және дәнді дақылдар мен техникалық дақылдарды себу үшін құнарлы аумақтардың жетіспеушілігі байқалып жатқан жағдайларда ауыл шаруашылығын теңдестірілген түрде дамыту мәселесі әлемнің көптеген елдері үшін өзекті болып отыр. Қазақстанда АШК дамытуға бірінші кезектегі маңыздылық беріледі.

Өзінің «Стратегия-2050» бағдарламасында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ауыл шаруашылығын жаңғыртудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Бағдарламада егіндік алқаптарын ұлғату және астық өнімділігін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы саласын қолдаудың нақты шаралары белгіленді. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау көлемін 2020 жылға қарай 4,5 есеге ұлғайту жоспарлануда.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдау өз жемісін беруде және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемдеріне оң әсер етуде. Саладағы жалпы шығарылым 2016 жылы жалпы республикамыз бойынша 3 615,8 млрд. теңгені құрады, бұл – 2015 жылғы деңгейден 5,5% артық. Бөлінген бюджет қаражаты есебінен мемлекеттің жүйелі қолдауының арқасында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ шамамен 5 700 ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қаражаттандырды, 16 000 жұмыс орны сақталды және қайта құрылды.

Құрылған бизнес-үдерістер мен тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің арқасында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ таза пайда үлесін өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге ұлғайта алғанын және қарыз қоржынының көлемін 21%-ға өсіре алғанын айта кеткен жөн. Бұл көрсеткіштер АӨК субъектілерінің арасында Корпорацияның азық-түлік бағдарламаларына жоғары сұраныстың бар екендігінің растамасы болып табылады деп есептеймін.

Ауыл шаруашылығына мемлекетіміздің жоғары назар аударуы еліміздің халқы үшін ауылшаруашылық өнеркәсібі кешенін дамытуға қатысудың жарқын келешегіне жол ашады.

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ мен оның еншілес ұйымдары агроөнеркәсіптік кешенді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің алдындағы жоғары жауапкершілігін ұғына отырып, қаржылық ресурстардың қолжетімділігін арттыру саясатын жүргізеді. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның қаржы институттары арқылы кредиттеу жүйесін қалыптастыра алуының арқасында, тіпті ең шалғай өңірлердегі АӨК субъектілері ақша ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігін иемденеді. Келешекте «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ бағдарламалардың барлық түрлері бойынша арналарды кеңейту үшін және ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қолайлы бәсекелік ортаны құру үшін кредиттік серіктестіктерді, екінші деңгейлі банктерді, лизинг компанияларын және микроқаржы ұйымдарын қорландыру қарқынын өрістетуді жалғастыратын болады.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің нәтижелілігін атап өткім келеді, бұған қол жеткізу – басқару органы мен атқарушы органының өзара тығыз әрекеттесуінің арқасында мүмкін болды. Директорлар кеңесінің оперативтік және безбенделген шешімдері дамудың стратегиялық бағыттарын анықтауға, Корпорацияның қаржылық тұрақтылығын нығайтуға және қарызгерлер үшін кредиттеу шарттарын жақсартуға бағытталды. Қызметінің негізгі көрсеткіштерін орындаудың тұрақты мониторингі Директорлар кеңесіне нарықтың туындайтын үндеулеріне орай дер кезінде әрекет етуге және ақырғы қарызгер үшін өнімдер тізбегінің тарымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы бағытты жалғастыра отырып, Корпорация «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ құрылымындағы жетекші қаржы институты жайғасымын сақтай алатынына және АӨК субъектілерін ыңғайлы кредиттеу бағдарламаларымен әрі қарай қамтамасыз ету бойынша мүмкіншіліктерді кеңейте алатынына сенімдімін.

**«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ  
Директорлар кеңесінің төрағасы  
Мұхамдиева Айгүл Стаханқызы**



## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



### **Құрметті клиенттер, әріптестер және серіктестер,**

«Аграрлық несие корпорациясы» өзінің 15-жылдығын біздің ұлан-байтақ Отанымыздың 25-жылдық мерейтойымен бір уақытта тойлауда. Осы жылдар ішінде Корпорация агроөнеркәсіптік кешенді дамуыға елеулі үлес қосты және саланың әрі қарай дамуының негізін қалады.

АӨК субъектілерін кредиттеу көлемі жылдан жылға ұлғайып келеді. Мысалы, 2016 жылы Корпорация ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қаржыландыруға 122,2 млрд теңге бағыттады, бұл – бір жыл бұрын берілген қаражаттың көлемінен 73% артық. Корпорация барлық көрсеткіштер бойынша тұрақты өсуді көрсетіп отыр. Жарғылық капитал 2016 жылы 158,6 млрд теңге межесіне жете отырып, бір жылда 68%-ға ұлғайды. Меншікті капитал 150,4 млрд теңгені, ал жиынтық активтер – 218,4 млрд теңгені құрады. Кредиттік қоржын бір жылда 21%-ға ұлғайып, 161,8 млрд теңгені құрады.

Корпорацияда құжаттаманы өзекті етумен байланысты тұрақты жұмыс жүруде, кепілзаттарға қойылатын талаптарды орынды төмендету, бағалау бойынша бизнес-үдерістерді жеңілдету, өтінімдерді қарау мерзімдерін азайту жүзеге асырылуда.

Қарызгерлерді қаржыландыру үшін меншікті қаражат және бюджеттік кредит арқылы бөлінетін мемлекеттік қаражат пайдаланылады. Сонымен қатар, Корпорация капиталдар нарығында ақша тартуда. Мысалы, 2016 жылы Еуропа инвестициялық банкінде қарыз алу жұмыс басталды, оның директорлар кеңесі 15 жылға дейінгі мерзімімен 100 млн еуро көлеміндегі кредит желісін мақұлдады.

Қалыптастырылған кредит жүйесінің арқасында Корпорация шағын және орта бизнестің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыратын өнімдер тізбегін кеңейте алды. Кредиттеу мал шаруашылығын жүргізу үшін, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін ұсынылады, дайын өнім шығаратын ірі өңдеу кәсіпорындары қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуде. 2016 жылы Корпорация клиенттер пулын

23%-ға өсіре отырып, олардың санын 1 073 АШТӨ шамасына ұлғайта алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына жолдауында мынадай міндет қойылған: «...өңделген тауарлардың экспортын 2015 жылмен салыстырғанда 2 есеге ұлғату және оны жылына 30 млрд долларға дейін жеткізу...». Профильді мемлекеттік ұйымдармен бірге біз осы маңызды міндеттің орындалуын қамтамасыз ету жұмысымен айналысудамыз. Жобаларды іске асыру үшін Республикалық бюджет қаражатынан қаржы бөлінді.

Корпорация мәселелері қарыздардың деңгейін төмендету жөніндегі жұмысты үздіксіз жүргізуде. 2016 жылда мәселелелі жобалардың саны 45 бірлікке қысқарды. Олардың арасында: 1,5 млрд теңге сомасына 21 жоба бойынша толық өтеу жүргізілді. 464,8 млн теңге сомасын құрайтын 24 жоба сауықтырылып, филиалдардың ағымдағы қоржынына берілді.

Біздің алдымызда Корпорацияның сенімді қаржы институты ретіндегі тұрақты дамуын қолдау бойынша өр міндеттер тұр. Шығарылатын дайын өнімнің үлесін ұлғайту үшін қайта өңдеу кәсіпорындарын дамыту бойынша мемлекет саясаты шеңберіндегі белсенді жұмыс жалғастырылатын болады. Мемлекетіміздің ауыл шаруашылығындағы күш-жігері синергиясының арқасында және Жалғыз акционер мен атқарушы органның 2017 жылдағы жөнге салынған жұмысының арқасында Корпорацияның бұдан жоғары нәтижелелерге қол жеткізе алатынына сенімдімін.

**«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ  
Басқарма Төрағасы  
Атамқұлова Гүлназ Төреханқызы**

# 01

САЛАҒА ШОЛУ



### Экономикалық жағдай

Қазақстанның ЖІӨ-і 2016 жылы 1%-ға өсіп, алдын ала деректер бойынша 46 193,4 млрд. теңгені құрады. ЖІӨ құрылымында тауар өндірісінің үлесі 36,4%, қызметтердің үлесі – 57,9% құрайды. Ауыл шаруашылығының үлесіне жалпы ішкі өнімнің 4,6%-ы тура келді.

Қысқа мерзімді экономикалық индикатор экономиканың даму үрдістерін сипаттайды және ЖІӨ көлеміндегі үлесі 63-64% құрайтын базалық салалар бойынша шығарылым индекстерін өзгертуге негізделеді. ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша, ҚЭИ динамикасы 2016 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында мынаны көрсетеді: жылдың бірінші жартысында байқалған экономикадағы құлдырау еңсеріліп, нәтижесінде индикатордың өсуі 0,8% құрады. Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың ұлғаюын сарапшылар ауыл шаруашылығын-

### АӨК-дегі жағдай

Ауыл шаруашылығы өнімін шығару көлемінде 2016 жылдың қорытындылары бойынша шамамен 48%-ы қосалқы шаруашылықтардың үлесіне тиді, фермерлік шаруашылықтардың үлесі 29% құрады, ал ауыл шаруашылығы кәсіпорындары шығарылған өнімнің 23%-ын берді. Сала құрылымындағы үй шаруашылықтарының елеулі үлесі ауыл шаруашылығы өнімін өндіру тиімділігінің жоғалуына әкелуде. Қазақстанның аграрлық секторы әзірге төмен еңбек өнімділігімен, ауыл шаруашылығы дақылдарының астық өнімділігінің және ауыл шаруашылығы жануарлары өнімділігінің төмен деңгейімен, ескірген технологиялардың пайдаланылуымен және қосымша құны төмен өнімнің шығарылуымен сипатталуда. Ауыл шаруашылығының өндірілген өнімінің шамамен 80%-ы қайта өңдеусіз шикізат түрінде сатылады. Бұған қоса, дайын өнім импорттық баламаларымен салыстырғанда жиі жағдайларда әлсіз бәсекелесу қабілетін танытуда.

Салада ауыл шаруашылығы өнімін сақтау, дайындау, қайта өңдеу бойынша инфрақұрылым нысандарын, өндіріс қуаттылықтарын құру мен жаңғыртуға; ауыл шаруашылығы техникасы мен құрал-жабдығын

### Саланың даму келешегі


Ұлттық экономика министрлігінің болжамы бойынша 2017–2021 жылдары ЖІӨ өсімі 2,1–3,1% шегінде болады. 2017 жылы ЖІӨ-нің 2,5%-ға ұлғаюы күтілуде. Ел экономикасының таяу жылдардағы дамуы, министрліктің болжамдарында көрсетілгендей, орташа өсу қарқынымен сипатталатын болады. Бұл – әлемдің тауар нарықтарындағы мұнай бағасының қолайсыз динамикасымен, Ресейдегі қазіргі жағымсыз экономикалық жағдайға және Қытайдағы өсудің баяулауына байланысты болып отыр. Орта мерзімді кезеңдегі контрциклдің экономикалық саясаттың аса маңызды құралдарының бірі – «Нұрлы жол» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру болады, ол сұранысты ұлғайта отырып және жұмыспен қамтылуды сақтай отырып экономиканың аралас салаларында мультипликативтік әсер мен сыртқы факторлардың кері әсерінің нивелирлеуін қамтамасыз етеді.

дағы, саудадағы, құрылыстағы және көліктегі өсіммен байланыстырады. Жылдық инфляция жылдың соңына қарай 8,5%-ға дейін баяулады. ҚР Ұлттық банкінде аталып өткендей, бұл – жоғары базаның әсері мен теңгенің айырбас бағамының тұрақтануы есебінен орын алды.

2016 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында негізгі капиталға инвестициялар 5,1%-ға ұлғайды. Бұл ретте экономикалық қызмет түрлері бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесті қосқандар: өнеркәсіп (5,6%-ға өсу), ауыл шаруашылығы (46,7%-ға өсу), карьерлерді игеру (14,8%-ға өсу), жылжымайтын мүлікпен операциялар (13,7%-ға өсу).


жаңартуға, айналым қаражатын толтыруға арналған кредиттік ресурстардың ұдайы жетіспеушілігі байқалуда. Коммерциялық банктер әзірге аграрлық секторды қаржыландыруға құлшыныс танытып отырған жоқ. Экономикадағы банк кредиттерінің өсу қарқындары өткен жылы қайтадан баяулап қалды. Қарыздардың көлемі 12 859 млрд. теңгені құрай отырып, 2016 жылы 1%-ға өсті (2015 жылы – 5%-ға). Өсім соңғы үш жыл бойы баяулап келеді. Бұл ретте ауыл шаруашылығына кредиттердің көлемі 2016 жылы 4%-ға өсті (35% – 2015 жылы). Өткен жылдың қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығының үлесіне банк қарыздары құрылымының 5,3%-ы тиеді (2015 жылдың қорытындылары бойынша 5,2%). Бұл көрсеткіштің өсіп отырғанын қарамастан, ол әліде едәуір төмен. Банктердің АӨК қаржыландыруының өсуі салалық тәуекелдердің консервативтік бағалануымен, ауылды жерлердегі кепілзаттық қамтамасыз етудің төмен сапасымен, АӨК субъектілерінде ұзақ уақыттық қорландырудың жетіспеушілігімен және ауыл шаруашылығы жобаларын көпжылдық талдау әдістемесінің әлсіз болуымен шектеліп отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы, млрд. теңге



02

КОРПОРАЦИЯ  
ТУРАЛЫ АҚПАРАТ





«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (әрі қарай – Корпорация) «Аграрлық секторға несие беру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысына сәйкес құрылды.

Пилоттық жоба екі кезеңді көздеді. Біріншісі – мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мамандандырылған институтын құру. Екінші кезеңде өңірлік қаржы институттары – ауылдық кредиттік серіктестіктер желісін құру қарастырылған.

Корпорацияның негізгі мақсаты – КС жүйесін құру (соның ішінде 35%-дан артық емес қатысу үлесімен КС жарғылық капиталына кіру жолымен), сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің (әрі қарай – АШТӨ) республикалық бюджет қаражаты есебінен жеңілдікпен берілетін кредит ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ету болды.

Пилоттық жоба табысты іске асырылды, шағын және орта ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің – КС жүйесі қатысушыларының кредит ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз еткен КС арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кредиттеудің бірегей жүйесі құрылды. Серіктестіктер ауылдық аудандарда ұйымдастырылады және ауыл шаруашылығы өндірісі орындарына барынша жақын орналасқан қаржы ұйымы болып табылады. АШТӨ КС қатысушысы бола отырып, жоғарғы басқару органы – КС қатысушыларының жалпы жиналысы арқылы тікелей КС-тің кредиттік, қаржы-шаруашылық қызметін бақылайды және басқарады.

Кредиттік серіктестіктер ауылдық аудандарда ұйымдастырылады және ауыл шаруашылығы өндірісі орындарына барынша жақын орналасқан қаржы ұйымы болып табылады. АШТӨ кредиттік серіктестіктердің қатысушысы бола отырып, жоғарғы басқару органы – қатысушылардың жалпы жиналысы арқылы тікелей кредиттік серіктестіктердің кредиттік, қаржы-шаруашылық қызметін бақылайды және басқарады.

2006 жылдан бастап Корпорацияның қызметі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-III ҚР Заңының қабылдануымен кеңейе түсті.

Қазіргі таңда Корпорация – агроөнеркәсіптік кешенді (әрі қарай – АӨК) дамыту саласындағы қызметті іске асыратын, ҚР Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 42 Жарлығымен бекітілген 2017–2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында белгіленген ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың басым бағыттары бойынша кредиттеу бағдарламаларын жүзеге асыратын ірі қаржы ұйымы.

Корпорацияның жалғыз акционері – «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысына сәйкес құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (әрі қарай – Холдинг) болып табылады.

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ымыра әсеріне қол жеткізу, өзара әрекеттесуді нығайту және Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету арқылы Корпорация қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған орталықтандырылған басқаруды жүзеге асырады.

Корпорация ұлттық валютамен және шетел валютасымен банк операцияларын жүргізуге берілген Қазақстан Республикасы банк заңнамасымен көзделген операцияларды ұлттық валютада жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің 2013 жылғы 5 қарашадағы № 5.2.24. лицензиясына ие, онда: «Банктік қарыз операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредит беру» жазылған.

### **Қызметінің түрлері**

Жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін Корпорация келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:



1. тиісті лицензия негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру;
2. кредиттеу арқылы ауыл шаруашылығы секторын қолдау жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу;
3. отандық және шетел инвестицияларын тарту;
4. агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларды өзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу;
5. лизингтік қызметті іске асыру;
6. холдингілік қызметті жүзеге асыру;
7. қаржы институттарын қорландыру.

Корпорацияның ауқымды филиал желісі бар, олар – Маңғыстау облысын қоспағанда республикамыздың 13 өңіріндегі 13 филиал және Астана мен Алматы қалаларында орналасқан 2 қосымша сауда нүктесі.

Алғаш рет кредит рейтингі Корпорацияға 2006 жылдың қазан айында «Standard & Poor`s» халықаралық рейтинг агенттігімен берілді. 2016 жылғы 30 маусымда Standard & Poor`s халықаралық рейтинг агенттігі Корпорацияның кредиттік рейтингін халықаралық шәкіл бойынша «BB+» деңгейінде және ұлттық шәкіл бойынша «KzAA-» деңгейінде растады. Рейтинг бойынша болжам «Теріс».

# 03

## КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ



**Миссиясы** – АӨК субъектілерін кредиттеудің қолжетімді жүйесін дамыту арқылы аграрлық саланы индустрияландыруға және әртараптан-дыруға қолдау көрсету болып табылады.

**2020 жылға белгіленген пайымы** – АӨК субъектілерін қолдау және дамыту бойынша, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерді, кредиттік серіктестіктерді, лизинг компанияларын және өзге қаржы ұйымдарын қорландыру арқылы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын аграрлық секторды кредиттеу нарығындағы негізгі қаржы ұйымы болу.

Корпорация АӨК субъектілеріне қолжетімді қаржы қаражатын ұсыну жолымен ауыл шаруашылығы өндірісін индустрияландыру мен әртараптан-дыруға, аграрлық саланың еңбек өнімділігін арттыруға елеулі үлес қосуда.

Корпорацияның қызметі 2020 ж. басқару менеджменті мен корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

Корпорация өз қызметін 5 стратегиялық бағытты шешуге шоғырландырған, олардың негізгі мақсаты – АӨК субъектілерінің серпінді дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР	СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР	СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР
1. Индустрияландыру мен әртараптан-дыру арқылы еңбек өнімділігінің өсімін ынталандыру.	Заманауи агротехнологияларды қолданумен жоғары технологиялық (инновациялық) жобаларды қаржыландыру есебінен еңбек өнімділігін өсіру.	1. АӨК-дегі салалық басымдықтарға сәйкес Корпорацияның инвестициялық саясатын қалыптастыру. 2. АӨК субъектілерін, инвестициялық, соның ішінде инновациялық жобаларды қаржыландыру үшін қаражат тарту. 3. АӨК кластерлік дамуына ықпалдасу. 4. «Жасыл технологияларды» енгізуге қолдау көрсету.
2. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу.	1. Астана және Алматы қалалары айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыруды ынталандыру. 2. АӨК субъектілерін өндіріс үшін негізгі құралдарды сатып алуы және айналым қаражатын толтыруы, ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алуы мен өңдеуі үшін қаржы ресурстарымен уақытында қамтамасыз ету.	1. Астана және Алматы қалалары айналасындағы азық-түлік белдеуі аясында АӨК субъектілерін қаржыландыру. 2. АӨК субъектілерін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуі, ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуы мен өткізуі үшін қаржыландыру. 3. Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және азық-түлік өндірісі бойынша кәсіпорындарды қаржыландыру: – жоғары технологиялық (инновациялық) жабдықты сатып алуға; – айналым қаражатын толтыруға.
3. АӨК экспорттық әлеуетін дамыту мен жүзеге асыруға қолдау көрсету.	АӨК экспорттық әлеуетін дамыту.	1. Корпорация қаржыландырған ет және ет өнімдерінің өндірісі бойынша экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларға мониторинг жасау. 2. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін мал шаруашылығын, соның ішінде отарлы мал шаруашылығын дамытуға кредиттеу жолымен ынталандыру.
4. АӨК субъектілерін қолдау жөніндегі қызметтердің қолжетімділігін арттыру.	АӨК қолжетімді қаржы, өндірістік және сервистік инфрақұрылымын дамыту.	1. Екінші деңгейдегі банктер мен өзге қаржы ұйымдарын қорландыру жолымен АӨК субъектілерінің кредит ресурстарына қолжетімділігін кеңейту.
5. Корпоративтік басқару сапасын және Корпорация қызметінің айқындылығын арттыру.	Активтерді басқару, корпоративтік басқару жүйесі тиімділігін арттыру және қызметтің айқындылығын қамтамасыз ету.	1. Меншікті капитал мен активтерді пайдалану тиімділігін, тәуекел менеджментінің рөлін арттыру. 2. Несие қоржынының сапасын басқару. 3. Инновацияларды енгізу. 4. Кредит рейтингтерін қолдау.




### 3.1. КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Директорлар кеңесінің 21.10.2014 жылғы № 33 шешімімен бекітілген Корпорацияның 2011–2020 жылдарға арналған Стратегиялық даму бағыттарына сәйкес қызметін бағалау үшін, 2016 жылға келесідей қызметінің негізгі көрсеткіштері (өрі қарай – ҚНҚ) анықталып, олар толығымен орындалды:

№	ҚНҚ атауы	Өлш. бірл.	Іс жүз.		2016 жыл	
			2015 жыл	Жоспар	Іс жүз.	Жосп. орынд. %
1	ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен инвестициялық жобаларды іске асыру бағдарламасы аясында Корпорациямен қаржыландырылған кәсіпорындардағы еңбек өнімділігі, 1 жұмыскерге мың теңге	1 жұмыскерге мың теңге	3 650,4	2 614,1	4 295,9	164%
2	Корпорацияның ресурстары есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша ет пен сүттің және оларды қайта өңдеу өнімдерінің өндіріс көлемі:					
	1) өндірілген ет және ет өнімі, соның ішінде:	тонна	24 854,7	25 547	27 079,6	106%
	Астана қаласына жеткізілген	тонна	3 137	2 016	7 251,1	360%
	Алматы қаласына жеткізілген	тонна	5 214	755	866,4	115%
	2) өндірілген сүт және сүт өнімдері, соның ішінде:	тонна	79 140,5	81 284	89 412	110%
	Астана қаласына жеткізілген	тонна	2 170,4	1 323	7 763,2	587%
	Алматы қаласына жеткізілген	тонна	75	28	87	311%
3	АӨК субъектілерін (ҚДЖ) қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге арналған бағдарлама талаптарына сәкес келетін жобаларды қаржыландыру, %	%	100	100	100	100%
4	Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және тағам өнімдерін өндіру бойынша қаржыландырылған кәсіпорындардың жалпы көлеміндегі инновациялық (жоғары технологиялы) жобаларды қаржыландыру үлесі, %	%	6,8	5	6,3	126%
5	Корпорация қызметтерін пайдаланушылардың саны, бірл.	бірл.	4 554	3 120	5 637	181%
6	ROA	%	0,87	0,28	1,61	575%
	ROE	%	1,23	0,48	2,45	510%
7	Қарыз қоржыны бойынша қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) барынша оңтайлы деңгейін қуаттап отыру деңгейі (20%-дан артық емес)	%	12,9	20	12,7	100%
8	Корпорацияның қызметі туралы БАҚ-тағы ескертілулердің жыл сайын 5%-ға өсуі	%	12	5	46	920%

### 3.2. БИЗНЕС-ҮЛГІ



04

ҚЫЗМЕТІНІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ  
НӘТИЖЕЛЕРІ



#### 4.1. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Корпорация басқа кредит институттарының алдында келесідей артықшылықтарды иемденеді:

- Оңтайлы кредиттеу мөлшерлемелері;
- Ұзақ қаржыландыру мерзімі;
- ЕДБ қолайлы кепілмен қамтамасыз ету ретінде қарастырмайтын ауылдық жердегі мүлік пен техниканы кепілмен қамтамасыз ету ретінде ұсыну мүмкіндігі.

Корпорацияның ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыруда 15 жылдық жұмыс тәжірибесі бар, кең ауқымды клиенттік қоры және ауыл шаруашылығының өндіріс орындарына барынша жақын орналасқан инфрақұрылым – 182 кредиттік серіктестігі және 13 Филиалы бар.

#### 4.2. НЕГІЗГІ КРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Корпорацияның клиенттері – АӨК салаларында қызмет жасайтын шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) өкілдері, жеке және заңды тұлғалар болып табылады. Корпорация кредиттік серіктестіктерді (әрі қарай – КС), екінші деңгейлі банктерді (әрі қарай – ЕДБ), микроқаржы ұйымдарын (әрі қарай – МҚҰ), өңірлік инвестициялық орталықтарды (әрі қарай – ОИО) және лизинг компанияларын (әрі қарай – ЛК) тікелей қаржыландырады және кредиттеуді/қорландыруды жүзеге асырады.

##### КС жүйесі арқылы қаржыландыру бағдарламалары:

**«Қанат» бағдарламасы** – жаңа ауыл шаруашылығы техникасын және/немесе аспалы/тіркеме жабдықты сатып алу үшін КС қатысушыларын кейінгі қаржыландыруға арналған жаңа құрал.

**«Бірлік» бағдарламасы** – негізгі құралдарды сатып алуға арналған және өндірісті жаңғыртуға айналым қаражатын толтыруға арналған, жаңа құрылыстар салу мен қолданыстағы құрылыстарды қайта құру бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған, туризм мен мейманхана бизнесін, жол жиегіндегі сервисті ұйымдастыру, ауылдық сауда нүктелерін, қоғамдық тамақтану орындарын ұйымдастыру және кеңейту, жеңіл және тамақ өнеркәсібі өндірісі саласындағы, сондай-ақ мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы саласындағы жобаларға арналған айналым қаражатын толтыруға КС қатысушыларын кейінгі қаржыландыруға арналған КС кредиттеу.

**«Кең дала» бағдарламасы** – тікелей Корпорация тарапынан, сондай-ақ КС, МҚҰ, ОИО және ЕДБ арқылы көктемгі дала жұмыстары мен егін жинау жұмыстарын жүргізуге АӨК субъектілері мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді кредиттеу.

**«Қолғанат» бағдарламасы** – ауыл шаруашылығы саласындағы АӨК субъектілерін кейінгі кредиттеу үшін ЕДБ, лизинг компанияларын және МҚҰ кредиттеу.

Корпорацияның қызмет жасап отырған жылдары барысында 40 мың бірліктен астам АШТӨ қаржыландырылды және 463,5 млрд. теңге берілді. Бұл ретте қарыз алушылардың негізгі санаты (кредиттеу көлемінің 76%-ға жуығы) – шағын және орта бизнес өкілдері болып табылады.

Жалпы 2016 жылы Корпорация АӨК субъектілерін кредиттеуге кредит бағдарламаларын іске асыру аясында 122 202 млн. теңге жұмсады. 2015 жылмен салыстырғанда кредиттеу көлемі 1,7 есеге немесе 51 603 млн. теңгеге артты.


**«Жібек жолы» бағдарламасы** – АӨК басым бағыттары бойынша экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларды кредиттеу, соның ішінде ЕДБ қорландыру арқылы.

**«Іскер» бағдарламасы** – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеуге КС/МҚҰ ақырғы қарызгерлерін кейінгі қаржыландыру үшін КС/МҚҰ кредиттеу; ет, сүт және жеміс-көкөніс өнімі бойынша сервистік-дайындау қызметтерін ұйымдастыруға, ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнесті дамытуға арналған ауыл шаруашылығы кооперативтерін кредиттеу.

**«Сыбаға» бағдарламасы** – аналық ІҚМ мал басын, селекциялық ІҚМ төлін, ет және/немесе ет-сүт бағытындағы асыл тұқымды бұқаларды сатып алуға, сондай-ақ негізгі құралдарды сатып алу мен жөндеуге, айналым қаражатын толтыруға АӨК субъектілерін кредиттеу.

**«Алтын Асық» бағдарламасы** – қой шаруашылығы саласын дамыту үшін биязы жүнді, жартылай биязы жүнді, қылшық жүнді және жартылай қылшық жүнді асыл

**Банк кредиттері, кезеңнің соңына қарай, млрд. теңге**





тұқымды қошқарларды және/немесе ҰҚМ аналық мал басын сатып алуға АӨК субъектілерін кредиттеу.

«Құлан» бағдарламасы – жылқы шаруашылығын дамыту үшін өнімді бағыттағы асыл тұқымды айғырлардың және/немесе жылқы-

лардың аналық мал басын сатып алуға АӨК субъектілерін кредиттеу.

«Агробизнес» бағдарламасы – ауыл шаруашылығы салаларын дамытуға трансұлттық компаниялардың қатысуымен ӘКК мен компанияларды қоса алғанда АӨК субъектілерін кредиттеу.

#### 4.3. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

##### Кредит ресурстарын беру көлемі

Бағдарламалардың атауы	2014 жыл		2015 жыл		2016 жыл	
	Қарызгерлер саны, бірл.	Сомасы, млн. теңге	Қарызгерлер саны, бірл.	Сомасы, млн. теңге	Қарызгерлер саны, бірл.	Сомасы, млн. теңге
Бірлік, соның ішінде Жедел-несие, Алтын Асық, Құлан, Қанат, Іскер, Кең дала, Сыбаға, АШЖБ	2 993	24 622,80	2 602	25 360,6	3 210	33 244,7
Сыбаға	956	10 776,20	1 018	10 814,6	514	7 936,7
Алтын Асық	69	727,4	220	2 014,4	226	2 121,0
Құлан	242	2 887,90	422	6 854,6	222	4 175,6
Кең дала	43	7 412,90	42	8 438,5	969	41 339,7
Қолғанат	0	0	3	9 340,0	14	23 619,5
Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кәсіпорындары	16	2 655,20	16	1 712,1	9	1 500,7
Бірлестіктер (ӘКК)	10	263,6	3	69,4	3	128,0
АШЖБ	25	189,7	33	329,3	3	44,0
Коммерциялық қарыздар	92	3 846,20	192	5 601,1	90	5 540,2
Жайылымдарды суландыру	0	0	12	45,3	1	1,6
Инвестициялық жобалар	2	132	1	18,9		
Жібек жолы					1	1 150,0
Іскер					375	1 400,0
<b>Жиыны</b>	<b>4 448</b>	<b>53 513,9</b>	<b>4 564</b>	<b>70 598,8</b>	<b>5 637</b>	<b>122 201,6</b>

2016 жылы кредиттелген қарызгерлердің саны 2015 жылмен салыстырғанда 1 073 бірлікке өсті. Қаржыландыру алған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жалпы саны 5 637 бірлікке жетті.

Іске асырылып жатқан кредиттеу бағдарламалары аясында Корпорация ауыл шаруашылығы бизнесімен айналысатын кәсіпкер-әйкелдерді қолдауды ұдайы жүзеге асырады. 2016 жылы 708

кәсіпкер-әйкелдерге жалпы сомасы 12 181 млн. теңгені құрайтын кредиттер берілді.

Корпорацияның кредиттік қоржыны құрылымында 2016 жылы қысқа мерзімді кредиттердің сомасы 58 655 млн. теңгені құрай отырып, 2015 жылмен салыстырғанда 35 243 млн. теңгеге ұлғайды, ұзақ мерзімді кредиттердің сомасы 2016 жылы 63 547 млн. теңгені құрай отырып, 2015 жылмен салыстырғанда 16 360 млн. теңгеге ұлғайды.



Корпорация берген қаражаттың есебінен 2016 жылы келесідей өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізілді:

#### 2016 жылы жоспарлы индикаторлардың орындалуы туралы ақпарат

Бағдарламалардың атауы	Өлш. бірл.	2014 жыл іс жүз.	2015 жыл іс жүз.	2016 жыл		
				жоспар	іс жүз.	орынд. %
КС кредиттеу	бірл.	155	137	170		
«Сыбаға» бағдарламасы бойынша аналық ІҚМ сатып алу	бас	54 237	57 275	60 000	70 279	117%
«Алтын Асық» бағдарламасы бойынша қойлардың аналық мал басын сатып алу	бас	85 697	132 180	130 000	192 426	148%
«Құлан» бағдарламасы бойынша жылқылардың аналық мал басын сатып алу	бас	11 682	32 665	23 000	24 640	107%

#### 4.4. ҚАРЫЗ ҚОРЖЫНЫ

Көрсеткіш	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
Қарыз қоржыны, млн. теңге	100 605	133 747	161 779
Қарызгерлер саны, мың	8 691	10 902	12 739
Кредиттеу көлемі, млн. теңге	53 514	70 599	122 202
Соның ішінде ШОБ субъектілерін кредиттеу, млн. теңге	42 039	53 513	102 994
Кредиттеудің жалпы көлеміндегі ШОБ үлесі, %	79%	76%	84%

Қарыз қоржыны 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 161 779 млн. теңгені құрады, ол 2015 жылғы 31 желтоқсанда 133 747 млн. теңгені құраған болатын. Осылайша, өсім 28 032 млн. теңгеге жетті немесе 21% құрады.

2016 жылы кредиттеу көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 51 603 млн. теңгеге ұлғайып,

122 202 млн. теңгені құрады – 2015 жылғы беру деңгейіне қатысты 73%-ға өсті. Соның ішінде, ШОБ қаржыландыру үлестерінің ұлғаюы байқалды. 2016 жылы кредиттеудің жалпы көлеміндегі шағын және орта бизнестің үлесі 84%-ға жетті. ШОБ қаржыландыру көлемінің өсімі 92% құрады, бұл – ЕДБ мен лизинг компанияларын қаржыландырумен байланысты болды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз қоржыны



# 161 779

МЛН. ТЕҢГЕ

2016 жылғы кредиттеу көлемі

# 122 202

МЛН. ТЕҢГЕ



#### 4.5. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСУ

КС кредиттеу бағдарламалары мақсаттарының бірі – бағдарламалардың қолданылу ауқымын ұлғайту үшін және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен қайта өңдеушілерді қажетті кредит ресурстарымен қамтамасыз ету үшін АШТӨ серіктестіктері қатысушыларының санын жыл сайын ұлғайту болып табылады. Соңғы жылдары Корпорация КС қауымдастығымен бірлесе отырып осы бағытта белсенді жұмыс жүргізуде, аудандардың ЖАО мен АШТӨ қатысушыларымен мәжілістер өткізіледі, онда КС арқылы кредиттер алудың артықшылықтары түсіндіріледі.

Кредиттік серіктестіктердің қызметін жақсарту мақсатында келесідей жұмыс жүргізілді:

- КС құрамына қатысушыларды енгізу барысында аумақтылық қағидаты алынып тасталды, осылайша кредиттік өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқарту бойынша және қызметтердің сапасын қамтамасыз ету бойынша КС уәждемесінің деңгейі мен серіктестіктердің бәсекелі ортасы арттырылды;
- ақырғы қарызгерлерде уақытша қаржылық қиындықтардың себептері болған жағдайда 9 айға дейінгі мерзімге біржолғы техникалық қайта құрылымдау механизмі енгізілді;
- 15 млн. теңгеге дейін кредиттер бойынша қарыз алу рәсімі жеңілдетілді (кепілзаттық қамтамасыз ету тәуелсіз бағалау компаниясымен ұсынылған кепілзат бұйымын бағалау туралы есепке сәйкес бағалау құнына қатысты өтімділік коэффициенттерінің ескерілуімен қабылданады).

2016 жылы атқарылған жұмыстың нәтижесінде кредиттік серіктестіктерге қатысушылардың құрамы 2015 жылмен салыстырғанда 1 296 ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге ұлғая отырып, 13 209 АШТӨ құрады.




#### 4.6. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСУ

Корпорация негізінде қаржы институттарын қорландыру жүйесін құру бөлігінде «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қызметін трансформациялауды іске асыру шеңберінде, 2015 жылы Корпорация АӨК субъектілерін кредиттеуде тікелей кредиттеуді тоқтатып, қаржы институттарын қорландыруға көшу жөніндегі жұмысты бастады. Осылайша, 2016 жылы тікелей кредиттеудің үлесі 2015 жылмен салыстырғанда 52%-дан 50%-ға төмендеген. Қорландырудың негізгі үлесін кредиттік серіктестіктер иемденді, олар кредитте-

удің жалпы көлемінің 27%-ын, екінші деңгейлі банктер – 20%-ын, микроқаржы ұйымдары – 2%-ын құрады. Қаржы институттарымен қалыптасқан жұмыстың арқасында АӨК субъектілерін кредиттеу 150 кредиттік серіктестік, 6 ЕДБ, 2 МҚҰ және 6 лизинг компаниясы арқылы жүзеге асырылды. Қаржы институттары арқылы 387 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы, 317 бірлік жабдық сатып алынды және 512 жұмыс орны құрылды.

Қаржы институттары арқылы қаржыландыру құрылымы



05

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР




## 5.1. ТАБЫС ПЕН ШЫҒЫН ДИНАМИКАСЫ

### Табыс

Атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2014 жылға қатысты 2015 жылғы өсу қарқыны		2015 жылға қатысты 2016 жылғы өсу қарқыны	
	Мың теңге	Мың теңге	Мың теңге	Мың теңге	%	Мың теңге	%
<b>Табыс, барлығы, соның ішінде:</b>	<b>8 028 552</b>	<b>11 615 749</b>	<b>19 058 578</b>	<b>3 587 197</b>	<b>145</b>	<b>7 442 829</b>	<b>164</b>
Негізгі қызметтен табыс	7 797 848	11 204 553	18 810 486	3 406 705	144	7 605 933	168
Өзге операциялық табыс	230 704	411 196	248 092	180 492	178	- 163 104	60

### Табыс құрылымы



Корпорацияның 2016 жылғы табысы 2015 жылмен салыстырғанда 64%-ға ұлғайды. Негізгі қызметтен түскен табыстың өсуі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 68% құрады, ұлғаю – негізінен, кредит ресурстарын беру

көлемінің өсуі мен баға саясатын қайта қараудың есебінен орын алды.

Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда өзге операциялық табыстардың азаюы 40% құрады.

### Шығындар

Атауы	2014 жыл		2015 жыл		2016 жыл		2014 жылға қатысты 2015 жылғы өсу қарқыны		2015 жылға қатысты 2016 жылғы өсу қарқыны	
	Мың теңге	үл. салм.	Мың теңге	үл. салм.	Мың теңге	үл. салм.	Мың теңге	%	Мың теңге	%
<b>Шығындар, барлығы, соның ішінде:</b>	<b>6 755 197</b>	<b>100</b>	<b>10 024 731</b>	<b>100</b>	<b>15 310 693</b>	<b>100</b>	<b>3 269 534</b>	<b>148</b>	<b>5 285 962</b>	<b>153</b>
Қаржыландыру бойынша шығындар	1 576 335	23	3 362 222	34	5 244 979	34	1 785 887	213	1 882 757	156
Әкімшілік шығындар	1 630 653	24	1 709 655	17	1 787 506	12	79 002	105	77 851	105
Іске асыру бойынша шығындар	1 001 776	15	1 395 113	14	1 451 732	9	393 337	139	56 619	104
Провизиялар бойынша шығындар	2 517 182	37	3 557 741	35	6 629 690	43	1 040 559	141	3 071 949	186
Өзге операциялық шығындар	29 251	0,4	-	-	196 786	1	- 29 251	-	196 786	



Корпорацияның 2016 жылдағы шығындары 2015 жылмен салыстырғанда 53%-ға ұлғайды. Қаржыландыру бойынша шығындардың өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда өсуі 56% құрады. Қаржыландыру бойынша шығындардың ұлғаюы негізінен ішкі қарыз алысу көлемінің 24%-ға өсуімен байланысты болды.


Әкімшілік шығындардың өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда өсуі 5% құрады. Сату бойынша шығындардың (филиалдар бойынша) өсуі 4% құрады. Провизиялар бойынша шығындардың өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда ұлғаюы 86%-ға жетті.

## 5.2. ТАЗА ПАЙДА ДИНАМИКАСЫ


### Таза пайда

Атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2014 жылға қатысты 2015 жылғы өсу қарқыны		2015 жылға қатысты 2016 жылғы өсу қарқыны	
	Мың теңге			Мың теңге	%	Мың теңге	%
Бір жылдағы пайда	496 207	1 085 329	2 921 032	589 122	219	1 835 703	269

### Бір жылдағы пайда (млн. теңге)



### ROA ROE тиімділік көрсеткіштерінің динамикасы




### ROA, ROE тиімділік көрсеткіштерінің динамикасы

Атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2014 жылға қатысты 2015 жылғы өсу қарқыны (%-бен)	2015 жылға қатысты 2016 жылғы өсу қарқыны (%-бен)
ROA (%)	0,43	0,87	1,61	202	185
ROE (%)	0,64	1,23	2,45	192	199

ROA активтерді пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 2016 жылы 1,61 құрай отырып, өткен жылғы мәннен 185%-ға асып түсті, бұл – таза табыстың 269%-ға өсуімен және активтердің 2015 жылмен салыстырғанда 52%-ға ұлғаюымен байланысты болды.

ROE меншікті капиталды пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 2016 жылы 2,45 мәнін құрады, ал 2015 жылы ол 1,23 мәнін ғана құраған болатын. ROE өсуі де таза табыстың ұлғаюымен байланысты болды. Бұл ретте меншікті капиталдың өсуі едәуір төмен болды – 2015 жылға қатысты 70%, бұл – индикатордың едәуір өсуіне жағдай жасады.

**Теңгерімдегі активтер құрылымы**




**5.3. ТЕҢГЕРІМ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ДИНАМИКАСЫН ТАЛДАУ**

Атауы	2016 жыл	2015 жыл	2014 жыл	2014 жылға қатысты 2015 жылғы өсу қарқыны		2015 жылға қатысты 2016 жылғы өсу қарқыны	
	Мың теңге			Мың теңге	%	Мың теңге	%
<b>Активтердің барлығы</b>	<b>218 368 572</b>	<b>143 969 419</b>	<b>105 651 231</b>	<b>38 318 188</b>	<b>136%</b>	<b>74 399 153</b>	<b>152%</b>
Ағымдағы активтер	100 984 657	54 278 720	39 167 154	15 111 566	139%	46 705 937	186%
Ұзақ мерзімді активтер	117 383 915	89 690 699	66 484 077	23 206 622	135%	27 693 216	131%

Корпорацияның активтері 2014–2016 жылдан кезеңінде ұзақ мерзімді активтердің 50,9 млрд. теңгеге (активтердің жалпы құнының 45%-ы) ұлғаюы есебінен және ағымдағы активтердің 61,8 млрд. теңгеге (активтердің жалпы құнының 55%-ы) ұлғаюы есебінен 112,7 млрд. теңгеге ұлғайды.

Атауы	2016 жыл	2015 жыл	2014 жыл	2014 жылға қатысты 2015 жылғы өсу қарқыны		2015 жылға қатысты 2016 жылғы өсу қарқыны	
	Мың теңге			Мың теңге	%	Мың теңге	%
<b>Активтер, барлығы, соның ішінде:</b>	<b>218 368 572</b>	<b>143 969 419</b>	<b>105 651 231</b>	<b>38 318 188</b>	<b>136%</b>	<b>74 399 153</b>	<b>152%</b>
Ақшалай қаражат және оның баламалары	30 072 378	7 414 124	1 518 118	5 896 006	488%	22 658 254	406%
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	26 053 315	9 243 167	107 523	9 135 644	8596%	16 810 148	282%
Клиенттерге берілген кредиттер	135 725 198	124 504 541	100 605 389	23 899 152	124%	11 220 657	109%
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	23 306 474					23 306 474	
Өзге активтер	3 211 207	2 807 587	3 420 201	- 612 614	82%	403 620	114%





Активтер құрылымында ең көп үлесті клиенттерге берілген кредиттер құрайды, олар 2014-2016 жылдар кезеңінде 35,1 млрд теңгеге немесе активтердің жалпы құнының 31%-ына ұлғайды. Ақшалай қаражат пен оның баламалары 2014-2016 жылдардағы осындай кезеңде 28,6 млрд теңгеге өсті. Кредиттік ұйымдардағы қаражат дәл сол кезеңде 25,9 млрд теңгеге өсті.

Атауы	2016 жыл	2015 жыл	2014 жыл	2014 жылға қатысты 2015 жылғы өсу қарқыны		2015 жылға қатысты 2016 жылғы өсу қарқыны	
	Мың теңге			Мың теңге	%	Мың теңге	%
Ағымдағы міндеттемелер	5 540 632	17 141 179	7 138 623	10 002 556	240%	- 11 600 547	32%
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	62 455 652	38 364 386	10 608 378	27 756 008	362%	24 091 266	163%
Меншікті капитал	150 372 288	88 463 854	87 904 230	559 624	101%	61 908 434	170%


Теңгерім құрылымындағы міндеттемелердің көлемі 2016 жылдың қорытындылары бойынша 31% құрайды, ал меншікті капиталдың үлесіне 69%-ы тиеді. Осылайша Корпорация меншікті капиталдың жоғары деңгейдегі жеткіліктілігін қамтамасыз етеді.

Атауы	2016 жыл	2015 жыл	2014 жыл	2014 жылға қатысты 2015 жылғы өсу қарқыны		2015 жылға қатысты 2016 жылғы өсу қарқыны	
	Мың теңге			Мың теңге	%	Мың теңге	%
<b>Міндеттеме, барлығы, соның ішінде:</b>	<b>67 996 284</b>	<b>55 505 565</b>	<b>17 747 001</b>	<b>37 758 564</b>	<b>313%</b>	<b>12 490 719</b>	<b>123%</b>
Акционердің алдындағы берешек	13 361 704	27 360 358	12 532 609	14 827 749	218%	- 13 998 654	49%
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	51 648 620	27 742 150	2 883 066	24 859 084	962%	23 906 470	186%
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	2 192 352	19 942	59 779	- 39 837	33%	2 172 410	10 994%
Өзге міндеттемелер	793 608	383 115	2 271 547	- 1 888 432	17%	410 493	207%

2016 жылдың қорытындылары бойынша меншікті капитал

**69%**


Теңгерім құрылымындағы міндеттемелер мен капиталдың үлесі



- Ағымдағы міндеттемелер
- Ұзақ мерзімді міндеттемелер
- 🌾 Меншікті капитал



**Міндеттемелер құрылымындағы негізгі үлес**




Корпорацияның міндеттемелері 2014-2016 жылдар кезеңінде 50,2 млрд. теңгеге ұлғайды. Өсудің негізгі көзе – шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар болып табылады, олардың көлемі аталған мерзімде 48,8 млрд. теңгеге ұлғайып, барлық міндеттемелер құнының 97%-

ын құрады. Акционердің алдындағы берешек 829 млн. теңгеге өсті (міндеттемелер құнының 1,6%-ы). Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек 4,2% құрай отырып, 2,1 млрд. теңгеге өсті.

Атауы	2016 жыл	2015 жыл	2014 жыл	2014 жылға қатысты 2015 жылғы өсу қарқыны		2015 жылға қатысты 2016 жылғы өсу қарқыны	
	Мың теңге			Мың теңге	%	Мың теңге	%
<b>Меншікті капитал, барлығы, соның ішінде:</b>	<b>150 372 288</b>	<b>88 463 854</b>	<b>87 904 230</b>	<b>559 624</b>	<b>101%</b>	<b>61 908 434</b>	<b>170%</b>
Жарғылық капитал	158 630 371	94 227 371	94 227 371	–	100%	64 403 000	168%
Қосымша төленген капитал	6 831 528	5 291 347	4 296 627	994 720	123%	1 540 181	129%
Резервтік капитал	1 086 111	1 086 111	1 036 490	49 621	105%	–	100%
Шартты бөлу бойынша резерв	– 15 008 072	– 8 594 957	– 7 521 118	– 1 073 839	114%	– 6 413 115	175%
Жиналған шығын	– 1 167 650	– 3 546 018	– 4 135 140	589 122	86%	2 378 368	33%

**Капитал құрылымындағы негізгі үлес**





2014–2016 жылдар кезеңінде меншікті капиталдың сомасы 62,5 млрд. теңгеге ұлғайды. Негізінен, меншікті капиталдың өсуі жарғылық капиталдың 64,4 млрд. теңгеге (меншікті капиталдың 43%-ы), қосымша төленген капиталдың 2,5 млрд. теңгеге (меншікті капиталдың 2%-ы), резервтік капиталдың 49,6 млн. теңгеге (меншікті капиталдың 1%-ы) өсуі есебінен орын

алды. Аталған кезеңде жиналған шығынның 20%-ға азаюы байқалды. Меншікті капиталдың оң динамикасы Корпорацияның қаржылық тұрақтылығын әрі қарай арттыруға оң әсер етуде. Теңгерімнің оңтайлы құрылымы тиімді операциялық қызметті жүзеге асырудың негізін қалайды.

#### 5.4. КОРПОРАЦИЯНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

##### **Жарғылық капиталды ұлғайтуға арналған бюджеттік инвестициялар**

Корпорация – жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын қаржы ұйымы болып табылады. Корпорация мемлекеттің кредиттеу бағдарламаларын іске асыру үшін жыл сайын, 2005 жылдан бастап, жарғылық капиталды ұлғайтуға Республикалық бюджеттен қаражат бөлініп келді. 2016 жылы бөлінген қаражаттың көлемі **157 640,7 млн. теңгені** құрады.

Корпорацияның жарғылық капиталына алынған қаржы қаражаттарының құрылымында ең көп үлесті КС кредиттеу иемденеді – 38% немесе 60 483,1 млн. теңге, «Сыбаға» бағдарламасы – 20% немесе 32 278,0 млн. теңге, қалған бағдарламалар – 42% немесе 64 879,6 млн. теңге.

Атауы	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2016 жыл	ЖИЫНЫ
Бірлік (КС кредиттеу)	5 394,8	5 347,5	6 508,9	6 966,9	1 000,0	5 000,0	8 000,0	1 500,0		11 000,0	9 765,0	60 483,1
Бірлестіктер (ӨКК)		3 541,6	2 000,0	2 000,0	700,0	1 500,0	500,0	500,0				10 741,6
АШЖБ			700,0	1 000,0	500,0	500,0						2 700,0
Қайта өңдеу кәсіпорындары						5 000,0		2 000,0				7 000,0
Сыбаға							8 200,0		4 878,0	9 000,0	10 200,0	32 278,0
Алтын Асық											3 185,0	3 185,0
Экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларды кредиттеу											41 253,0	41 253,0
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>5 394,8</b>	<b>8 889,1</b>	<b>9 208,9</b>	<b>9 966,9</b>	<b>2 200,0</b>	<b>12 000,0</b>	<b>16 700,0</b>	<b>4 000,0</b>	<b>4 878,0</b>	<b>20 000,0</b>	<b>64 403,0</b>	<b>157 640,7</b>

2016 жылы Корпорация Сыбаға, Алтын Асық, КС бағдарламаларына және экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларды кредиттеу бағдарламасына Республикалық бюджеттен жарғылық капиталды ұлғайтуға бюджеттік қаражатты тартты.

##### **Бюджеттік кредит қаражаты**

АӨК субъектілерін қолдау үшін көктемгі дала жұмыстарын (әрі қарай – ҚДЖ) жүргізуге Корпо-

рация 2010 жылдан бастап, жыл сайын бюджеттік кредит қаражатын тартуда. 2010–2016 жылдары 151 799,9 млн. теңге бөлінді, соның ішінде 2016 жылы 36 000 млн. теңге бөлінді. Кредиттік ресурстар жыл сайын 1 млн. га-дан астам жерді өңдейтін 288 қарызгерді (830 ақырғы қарызгер) қаржыландыруға мүмкіндік берді.

**Басқа көздерден қаржы ресурстары**

2016 жылдың ішінде Корпорация 72 236,7 млн. теңге көлемінде қарыз капиталын тартты, соның ішінде келесілердің есебінен:

1. кейіннен ҚДЖ-ны 36 000,0 млн. теңге сомасына кредиттеу үшін «ҚазАгро» холдингі» АҚ қарызы бойынша Республикалық бюджет қаражаты есебінен;
2. кейіннен ҚДЖ-ны 5 406,7 млн. теңге сомасына кредиттеу үшін «ҚазАгро» холдингі» АҚ қарызы бойынша Ұлттық қордың қаражаты есебінен;
3. 4 000,0 млн. теңге сомасына «ҚазАгро» холдингі» АҚ №148 шектелмелі келісімі бойынша қаражат есебінен;
4. 500,0 млн. теңге сомасына «ЖҚЖК-2020» бағдарламасын кейіннен іске асыру үшін Алматы облысы жергілікті атқарушы органдарының қаражаты есебінен;
5. 3 390,0 млн. теңге сомасына «ЖҚЖК-2020» бағдарламасын кейіннен іске асыру үшін Оңтүстік Қазақстан облысы жергілікті атқарушы органдарының қаражаты есебінен;
6. 22 940,0 млн. теңге сомасына үшінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың бірінші шығарылымы есебінен.

КЕЖ-ге арналған 2016 жылғы бюджеттік кредит қаражаты



# 36 000

МЛН. ТЕҢГЕ

2016 жылдың ішіндегі қарыз капиталы


# 72 236,7

МЛН. ТЕҢГЕ



06

ДАМУ  
КЕЛЕШЕГІ





# 07

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ  
БАСҚАРУ



## 7.1. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Корпорацияның тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді заманауи сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және басқаруға мүмкіндік беретін тұрақты үрдісті білдіреді, сондай-ақ Корпорацияның атқарушы органы мен басқару органын тәуекелдер және тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты – пайдалылық пен тәуекелдер деңгейінің арасындағы оңтайлы теңгерімді табу, сондай-ақ стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру және белгіленген мақсаттарға қол жеткізу аясында Корпорацияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Тәуекелдің қолайлы деңгейін бақылау мақсатында Корпорация жыл сайын тәуекел төбетін және компоненттер бөлігінде тәуекелге қатысты толеранттықты бекітеді. Тәуекел төбеті – Корпорацияның өз мақсаттарына қол жеткізу барысында қабылдауға/ұстап қалуға барынша мүмкін деп өзі үшін есептейтін тәуекел деңгейін білдіреді. Тәуекел төбетінің компоненттері барлық негізгі қызмет көрсеткіштерін (рейтинг, табыстылық, кредиттік қоржынның сапасы, капиталдың жеткіліктілігі) қамтудың есебінен анықталған. Корпорация басшылығымен

қабылданатын барлық шешімдер бекітілген тәуекел төбетіне сәйкестігі бойынша талданады.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің ұйымдық құрылымы бірнеше деңгейде ұсынылған және тәуекелдерді басқару үдерісінің келесі қатысушыларын қамтиды:

- Жалғыз акционер;
- Директорлар кеңесі және оның комитеттері;
- Басқарма;
- Кредиттік комитет;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитет;
- Ішкі аудит қызметі;
- Тәуекел менеджментін жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше;
- Комплаенс-бақылаушы;
- Корпорацияның құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлері.

Тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушылардың функциялары «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Тәуекелдерді басқару саясатымен анықталған, ол Корпорацияның сайтында ашық қол жетімділікпен жарияланған.

**Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс жасауы келесі кезеңдерді іске асыруға негізделген:**



Барлық сәйкестендірілген тәуекелдер Корпорацияның мақсаттары мен стратегиясына қарай жіктеледі, олардың ішкі және сыртқы факторлармен өзара байланысы анықталады және Корпорацияның үздіксіз және тұрақты қызметіне қауіп бағаланады. Барлық сәйкестендірілген тәуекелдер бойынша тәуекелдер тізілімі жүргізіледі, онда тәуекелдерді іске асырудың факторлары мен салдары туралы ақпарат, оған тән және қалдық тәуекелдің бағалануы болады. Тәуекелдер тізілімі негізінде, сыни және елеулі тәуекелдердің бөлініп қаралуымен Корпорацияның тәуекелдер картасы жасалады, ағымдағы тәуекел-

дердің деңгейін барынша азайту бойынша Іс-шаралар жоспарлары әзірленеді. Тәуекелдер картасы Корпорация қызметіне 4 әсер ету аймағынан тұрады: «сыни аймақ», «елеулі аймақ», «орташа аймақ» және «қолайлы аймақ».

2016 жылдың соңына қарай тәуекелдердің негізгі бөлігі тәуекелдер картасының орташа және қолайлы аймақтары бойынша бөлініп таралған, тәуекелдер картасының сыни аймағында Корпорация қызметінің негізгі түрлерімен байланысты 3 тәуекел бар.

## 7.2. НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

### Кредиттік тәуекелдерді басқару

Аграрлық сектордың жұмыс жасау ерекшеліктерін ескерер болсақ, Корпорацияның қызметі берілген қарыздардың қайтарылмауымен байланысты

шығындардың туындау тәуекелін білдіретін кредиттік тәуекелдің әсеріне ұшырағыш болып келеді.

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Корпорацияда тәуекелдерді басқару мен кредит-



тердің функцияларының бөлінуін ескеретін бизнес-үдерістер бекітілген, кредиттік тәуекелдерді бағалау мен басқаруға қатысатын бөлімшелер мен алқалық органдар құрылған.

Корпорациядағы кредиттік тәуекелдерді басқару келесілер арқылы жүзеге асырылады:

- ынтагерлік танытқан бөлімшенің кредиттік тәуекелді бастапқы талдауы және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің талдауы;
- қарызгердің/филиалдың рейтингі мен өнім бағдарламаларының шарттарына қарай контрагенттерге лимиттер белгілеу;
- тәуекелдің шектен тыс шоғырлануына жол бермеу мақсатында кредиттік қоржынды әртараптандыру;
- ерте кезеңде сапаның нашарлауын сәйкестендіру үшін кредиттік қоржынға мониторинг жасау;
- болжалды жоғалтуларға арналған резервтер провизияларының адекватты деңгейін нормалау.

Корпорацияның кредиттік қоржынының құрылымы кредиттеу бағдарламасы бойынша сәйкестендірілген. Кредиттік қоржынның құрылымында 2016 жылы келесідей өзгерістер орын алды: «ЕДБ» кредиттеу бағдарламасы бойынша қарыздар үлесі 6%-дан 14%-ға ұлғайды; берешектің 19%-ға өсуіне қарамастан, «КС кредиттеу» бағдарламасы бойынша қарыздар үлесі 41%-дан 39%-ға қысқарды. Қарыз қоржынының өсуі жалпы 25% құрады, негізінен екінші деңгейлі банктерге берілген қарыздардың көлемін 193%-ға және мал шаруашылығы бағдарламалары бойынша тікелей кредиттеуді 26%-ға ұлғайтудың есебінен.

Корпорацияда тұрақты негізде кредиттік қоржынның сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс жүргізіледі, оның нәтижесінде 2016 жылдың қорытындылары бойынша, NPL көрсеткішінің 21%-дан 17%-ға төмендеуі күтілуде және қарыз қоржынының 10% дең-

гейіне дейін әрі қарай төмендету жоспарлануда. Сондай-ақ 2016 жылда қалыптастырылған провизиялармен NPL көрсеткішінің қамтылу деңгейі 16%-ға ұлғайып, 77% құрады, бұл ретте Корпорацияның таза пайдасы 1,7 есеге ұлғайды.


### Активтер мен пассивтерді басқару

Активтердегі негізгі үлесті қарыз портфелі иемденеді – 2016 жылдың соңына қарай 74%. Қарыз қоржынының өсуі 2016 жылы 25% немесе 39,5 млрд. теңге құрады.

Корпорацияны пассивтері құрылымында негізгі үлесті меншікті капитал иемденеді – 2016 жылдың соңына қарай 69%. 2016 жылы капиталдың өсуі 71% немесе 62,4 млрд. теңгені құрады. Мұндай өсім жарғылық капиталды 68%-ға ұлғатумен байланысты болды. Корпорация капиталының жеткіліктілік көрсеткіші 2016 жылдың қорытындысы бойынша 1-ге шамасын құрады, банк секторы бойынша орташа көрсеткіш 1-ге 0,12 шамасын құрайды. Бұл дерек Корпорацияның қажылық жағдайының тұрақтылығын көрсетеді және сондай-ақ акционер тарапынан қолдаудың салдары болып табылады.


Корпорацияның міндеттемелері құрылымында шетелдік валютадағы қарыздар мен индекстелетін пайыз мөлшерлемелері бар қарыздар жоқ. Осыған байланысты, қажылық тәуекелдерді басқарған кезде өтімділіктің тиімді басқарылуын ұйымдастыру мен өтімділік тәуекелін барынша азайтуға баса назар аударылады. Осы мақсатта Корпорацияда өтімділікті жоғалту тәуекелін ерте бастан айырып тану және уақытылы адекваттық шараларды қолға алу жолымен оның алдын алу жүйесі жұмыс істейді. Өтімділікті басқару барысында Корпорация қаржы нарығындағы жағдайға, Корпорацияның қаржылық жағдайына және жоның өтімділік жайғасымына қарай өтімділікті басқару әдістерінің комбинациясын пайдаланады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ кредиттік құрылымы, %





### Теңгерім құрылымы, млн. тг.



### Операциялық тәуекелдерді басқару

Өз қызметін жүзеге асырған кезде Корпорация операциялық тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Операциялық тәуекелдер ретінде – адами фактордың, бизнес-үдеріс тәуекелінің, ақпараттық жүйелер мен жабдықтар тәуекелінің нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы уақиғалардың салдарынан шығындардың туындау тәуекелі түсіндіріледі. Операциялық тәуекелді басқару – операциялық шығындарға әкелетін уақиғалардың немесе жағдайлардың орын алу ықтималдығын төмендетуге және әлеуетті операциялық тәуекелдерді азайтуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыруды түспалдайды.

Мысалы, 2016 жылы операциялық тәуекел факторларын анықтау және орын алуының алдын алу жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылды, тәуекел уақиғаларын тіркеу журналын автоматтандыру жөніндегі жұмыс басталды, жүзеге асырылатын бизнес-үдерістер оңтайландырылды және бекітілген даму стратегиясы шеңберінде оларды автоматтандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылды, елеулі және сыни тәуекелдер бойынша негізгі индикаторлар әзірленді.

Операциялық тәуекелдерді басқару үдерісі Корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарында регламенттелген және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Операциялық тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушылар әлеуетті тәуекелдерді анықтау және тіркеу бойынша функцияларды, сондай-ақ олардың деңгейін барынша азайту мен оларды іске асырудан туындайтын кері салдардың орын алуын болдырмау жөніндегі шараларды қабылдау бойынша функцияларды жүзеге асырады.

### Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін және комплаенс-тәуекелді басқару

Корпорацияда ақпараттық қауіпсіздік қызметі (әрі қарай АҚҚ) және комплаенс-контроллер жұмыс істейді және олар тікелей Корпорацияның Басқарма

Төрағасына бағынады, сондай-ақ «Комплаенс-тәуекелді басқару саясаты» және «Ақпараттық қауіпсіздік саясаты» ішкі құжаттары бекітілген, олардың орындалуы барлық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

АҚҚ ақпараттың сақталуына тұрақты негізде мониторинг жасап отырады, алдын алу сипатындағы іс-шаралар мен құпия ақпаратты қорғаудың автоматтандырылған жүйелерін жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізеді. Сондай-ақ Корпорацияның әрбір қызметкері ақпараттың сақталуына дербес жауапты болады және ақпараттық технологиялармен жұмыс жасау регламентін орындауға міндетті.

2016 жылы Корпорацияда Ақпараттық қауіпсіздік активтерінің тізілімі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару әдістемесі бекітілді, ақпаратты қорғау жоспарына сәйкес тұрақты жұмыстар жүргізілді, соның ішінде деректерді резервтік көшіру, сервер жабдығын, сервер үй-жайындағы ауа алмастыру және өрт сөндіру жүйелерін тексеру, қызметкерлердің дербес компьютерлерін лицензияланбаған бағдарламалық жасақтаманың болуына қатысты тексеру жүргізілді.

Сонымен қатар, Корпорацияда кеңсе үй-жайларына қол жеткізуді тұрақты негізде бақылау жүйесі, атқарымдық міндеттеріне қарай ақпараттық дерек қорларына қол жеткізу құқығын және ақпаратты сыртқы тасушыларға шығару порттарын пайдалану мүмкіндігін шектеу жүйесі жұмыс істейді. Қол жеткізу құқығын беруге арналған өтінімдер көпдеңгейлі келісімдеуден және ақпаратқа қол жеткізудің қажеттілігі мен негізділігін растауға қатысты тексеруден өтеді.

Комплаенс-тәуекелді басқару шеңберінде Корпорацияда тұрақты негізде заңнама өзгерістеріне мониторинг жүргізіліп, нәтижелері Корпорацияның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі, АЖ/ТҚҚ заңы талаптарының орындалуына мониторинг жасалады, Корпорацияның ІНҚ мен заңнама талаптарына сәйкестігіне қатысты тексерулер жүргізіледі.

08

**КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ**



## 8.1. МЕНЕДЖМЕНТ ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпорацияның басқару органдарына келесілер жатады:

1. Жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
2. Басқару органы – Директорлар кеңесі;
3. Атқарушы орган – Басқарма;
4. Корпорацияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын, ішкі бақылау, тәуе-

келдерді басқару саласына, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына баға беретін және Корпорация қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беретін орган – Ішкі аудит қызметі;


5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған өзге органдар.

## 8.2. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Корпорацияның Жалғыз акционері – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.

Жалғыз акционердің маңызды міндеттерінің қатарына Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Директорлар кеңесі құрамы мен өкілеттіктер мерзімін белгілеу, сыртқы аудиторды, жылдық қаржы есептілігін бекіту жатады.

Жалғыз акционердің 2016 жылғы негізгі шешімдері Корпорацияның акцияларын орналастыру, Директорлар кеңесі туралы қағиданы бекіту, Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және олардың сыйақыларын анықтау, аудиторлық ұйымды анықтау және ішкі корпоративтік құжаттарды бекіту мәселелеріне қатысты болды.





### 8.3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

#### МҰХАМАДИЕВА АЙГҮЛ СТАХАНҚЫЗЫ

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2015 жылғы 26 маусымнан бастап).

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

1976 жылғы 5 тамызда дүниеге туылған.

#### **Білімі:**

1. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
2. М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы. Математика магистрі.

#### **Еңбек жолы:**

- 2015 ж. – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2015 ж. – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры;
- 2014–2015 жж. – 2014–2015 жж. – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Бизнес даму жөніндегі бас директорының орынбасары;
- 2011–2014 жж. – «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;

Сонымен қатар А. С. Мұхамдиева «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңестерінің төрайымы болып табылады.



#### АТАМҚҰЛОВА ГҮЛНАЗ ТӨРЕХАНҚЫЗЫ

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарма төрайымы.

1968 жылғы 9 қыркүйекте туылған.

#### **Білімі:**

1. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, 1991 ж., Философия-экономика факультеті (Философия пәнінің оқытушысы). Үздік диплом.
2. Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік экономика университеті жанындағы Еуразиялық нарық институты, 1998 ж., «Қаржы және кредит» факультеті;
3. London school of business and finance, Ұлыбритания, тағылымдама, 2013 ж.;
4. Қазақ Гуманитарлық-Заң университеті, 2014 ж., Іскерлік әкімшілендіру магистрі. Қаржы менеджменті.

#### **Еңбек жолы:**

- 2015 ж. – «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарма төрайымы.
- 2014 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының м.а.;
- 2014 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
- 2013–2014 жж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі;
- 2010–2012 жж. – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарма төрайымы;
- 2007–2010 жж. – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.



## МАҚАЕВ ҚАЙРАТ ӘМІРЖАНҰЛЫ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің.

«ҚазАгро» холдингі» АҚ ЕБҰ Ішкі бақылауды ұйымдастыру департаментінің директоры.

1980 жылғы 23 сәуірде туылған.

### Білімі:

1. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана қ.) «Агрономия» факультеті.
2. Еуразиялық нарық институты (Алматы қ.) «Қаржы және кредит» факультеті.

### Еңбек жолы:

- 2015 ж. – «ҚазАгро» холдингі» АҚ ЕБҰ Ішкі бақылауды ұйымдастыру департаментінің директоры.
- 2014–2015 жж. – «Қазагромаркетинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2013–2015 жж. – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Еншілес компанияларының қызметін сүйемелдеу департаментінің директоры;
- 2014–2014 жж. – «KazMeat» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы («ҚазАгроӨнім» АҚ еншілес компаниясы);
- 2012–2013 жж. – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Кредиттік-инвестициялық қызметті ішкі бақылау департаментінің директоры.



## ӘБДІКӘРІМОВА ЖАНАР МҰРАТҚЫЗЫ

Тәуелсіз директор – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің кеңесі төрағасының орынбасары. Басқарушы директор.

1966 жылғы 25 ақпанда туылған.

### Білімі:

1. Павлодар индустриалдық институты «Құрылыс бұйымдары мен құрылымдарын өндіру» мамандығы бойынша (инженер-құрылысшы-технолог).
2. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша (экономист).
3. Қазақстан гуманитарлық-заң университеті (құқықтану бакалавры).
4. Agence de Transfert de Technologie Financial, Luxembourg. Certificate Seminars, from 03 to 06 september 2007 on the subject Prevention of money laundering.
5. Certificate of Completion Corporate Governance Certificate Program-Has successfully completed the course: International practices of the Corporate Governance. The Singapore Experience. 25 academic hours, November 2013. – Certified Corporate Governance Director (CCGD™).
6. Сертификат № AST/0056/12-13 – Certified Corporate Governance Professional (CCGP™) дәрежесін беру.

### Еңбек жолы:

- 2009 ж. – қазіргі кезге дейін «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ Кеңесі Төрағасының орынбасары – Басқарушы директор.
- 2006–2011 жж. – «БТА Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі.





### **ЗАВГОРОДНЯЯ ЕЛЕНА ВЯЧЕСЛАВОВНА**

Тәуелсіз директор – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2016 жылғы 31 тамыздан бастап).

«Цесна» корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.

1969 жылғы 26 маусымда туылған.

#### **Білімі:**

1. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Бухгалтерлік Есеп және ШҚА).
2. Certified Corporate Governance Director дәрежесінің берілуімен «Шексіз мүмкіншіліктер» корпоративтік басқару бойынша кәсіби сертификаттау бағдарламасынан өткен.
3. ХҚЕС-ке (KPMG) өзгертулер енгізген.
4. ДипИФР бағдарламасы бойынша сынақтан өткен.
5. USAID бағдарламасы бойынша біліктілікті арттырудың екінші кезеңі бойынша оқудан өткен («Аудит», «Басқарушылық Есеп-2»)
6. USAID бағдарламасы бойынша Кәсіби Бухгалтерлер мен Аудиторлар Институтында біліктілігін арттырған. САР біліктілігі.

#### **Еңбек жолы:**

- 2013 ж. – «Цесна» корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.
- 2011–2013 жж. – «Цесна» корпорациясы» АҚ Атқарушы директоры/Басқарушы директоры;
- 2005–2011 жж. – «Цесна» корпорациясы» АҚ ҚЭҚ директоры.



### **ЖҰМАҒАТОВ САТЫБАЛДЫ СЕБИҒАТҰЛЫ**

Тәуелсіз директор – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Қазақстан фермерлер одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті-төрағасының орынбасары.

1952 жылғы 03 маусымда туылған.

#### **Білімі:**

1. Алматы ауыл шаруашылығы институты (ғалым-агроном).
2. Алматы саясаттану және басқару институты (әлеуметтік-саяси қатынастар теориясы, саясаттанушы, әлеуметтік-саяси пәндер оқытушысы).

#### **Еңбек жолы:**

- 2015 ж. – Астана қ. «Қазақстан фермерлер одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті-төрағасының орынбасары.
- 2013–2014 жж. – Астана қ. «Қазақстан өнеркәсіптік корпорациясы» ЖШС ауыл шаруашылығы бойынша басқарушы директоры;
- 2011–2013 жж. – Ақмола облысы Атбасар ауданының «Жер қатынастары бөлімі» ММ және «Ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ бастығы.

#### 8.4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР

2016 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да Директорлар кеңесінің 18 отырысы өткізілді, олардың ішінде 15 күндізгі және 3 сырттай отырыс болды. Жалпы 2016 жылы Директорлар кеңесі 159 мәселе қарап, олар бойынша 403 шешім қабылданды.

Негізгі қаралған мәселелер Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарының орындалуына, соның ішінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалауға, қабылданған

тәуекелдер туралы есептерге, мүдделілігі бар мәмілелерді жасауға, Өнімдік бағдарламалар бойынша кредиттеу шарттары мен Кепілзат саясатына және Корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізуге, кадрлық мәселелерге, Корпорацияның 2016-2020 жылдарға арналған Даму жоспарлары мен Бюджетін бекітуге қатысты болды.

18

ОТЫРЫСТАР

2016 жылғы Директорлар кеңесінің

15

ОТЫРЫСТАР

Күндізгі

3

ОТЫРЫСТАР

Сырттай

#### Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті

2016 жылы в «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 10 отырысы өткізіліп, 27 мәселе қаралды.

Аталған комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарау кіреді:

1. қаржылық есептілік мәселелері бойынша;
2. сыртқы аудит мәселелері бойынша;
3. ішкі аудит мәселелері бойынша;
4. заңнаманы сақтау мәселелері бойынша;
5. есептілік пен қызметін бағалау бойынша;
6. басқа функциялар.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесінің комитеті туралы қағидаларға сәйкес, комитет мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне өзінің тәуелсіз директор мәртебесіндегі өзгерістер туралы немесе комитетпен қабылдануы тиіс шешімдермен байланысты мүдделер қайшылығының туындауы туралы хабарлауға міндетті.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің ешбір мүшесі өзінің тәуелсіз директор мәртебесіндегі өзгерістер туралы немесе мүдделер жанжалының туындауы туралы хабарлаған жоқ.

Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстары тек бетпе-бет нысанында ғана өткізіледі.

10

ОТЫРЫСТАР

Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің

27

МӘСЕЛЕЛЕР

Қаралды



### **Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеті**

2016 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 13 отырысы өткізіліп, 54 мәселе қаралды. Аталған комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарау кіреді:

1. стратегиялық жоспарлау бойынша;
2. инвестициялық қызмет бойынша;
3. инновациялық қызмет бойынша;
4. ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша;
5. есептілік және қызметін бағалау бойынша;

6. басқа функциялар.

# 13

## ОТЫРЫСТАР

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің

# 54

## МӘСЕЛЕЛЕР

Қаралды

### **Директорлар кеңесінің Кредит саясаты және мәселелі қарыздар жөніндегі комитетінің қызметі**

2016 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да Директорлар кеңесінің Кредит саясаты және мәселелі қарыздар жөніндегі комитетінің 12 отырысы өткізіліп, 20 мәселе қаралды.

Аталған комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарау кіреді:

1. жіктеуіштің ескерілуімен Корпорацияның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
2. жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер мен ірі мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;
3. бақылаудың негізгі стратегиялары мен қағидаларын анықтау, кредиттік қызметін регламенттеу және бірыңғайландыру, Кор-

порацияның мәселелі қарыздарымен жұмыс жасау.

# 12

## ОТЫРЫСТАР

Директорлар кеңесінің кредиттік саясат және мәселелі қарыздар жөніндегі комитетінің

# 20

## МӘСЕЛЕЛЕР

Қаралды

### **Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің қызметі**

2016 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 14 отырысы өткізіліп, 58 мәселе қаралды.

Аталған комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарау кіреді:

1. біліктілік талаптары бойынша;
2. кандидаттарды бағалау бойынша;
3. сабақтастықты жоспарлау бойынша;
4. қызметін бағалау бойынша;
5. сыйақы жүйесі бойынша;
6. даму бойынша;
7. тәртіптік жазалар бойынша;
8. өкілеттіктерді тоқтату бойынша;
9. штаттық санмен, еңбекақы төлеу қорымен, оқуға арналған шығындармен, ұйымдық құрылыммен байланысты мәселелерді алдын ала қарау;

# 14

## ОТЫРЫСТАР

Кадрлар жөніндегі комитетінің

# 58

## МӘСЕЛЕЛЕР

Қаралды

10. Қоғамның жұмыскерлерін әлеуметтік қолдаумен байланысты ішкі нормативтік құжаттарды, кадрлық саясатты алдын ала мақұлдау;
11. Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігімен байланысты мәселелерді алдын ала қарау;
12. Комитетке және Директорлар кеңесіне жүгінген жағдайда еңбек дауларымен және жанжалдарымен байланысты мәселелерді алдын ала қарау;
13. есептілік және қызметін бағалау бойынша.



## 8.5. БАСҚАРМА



Атамқұлова Гүлназ Төреханқызы

*Туылған күні:* 09/09/1968

*Атқаратын қызметі:* Басқарма төрағасы

*Соңғы үш жылдағы және қазіргі кездегі алқалық атқарушы орган мүшелерінің әрқайсысы атқаратын қызметтер:*

- 17.06.2015 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрайымы, Астана қ.
- 29.11.2014 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының м.а., Астана қ.;
- 07.04.2014 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, Астана қ.;
- 02.09.2013 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі, Астана қ.



Сейсенбаев Нұржан Рымханұлы

*Туылған күні:* 22/05/1981

*Атқаратын қызметі:* Басқарма төрайымының бірінші орынбасары

*Соңғы үш жылдағы және қазіргі кездегі алқалық атқарушы орган мүшелерінің әрқайсысы атқаратын қызметтер:*

- 03.11.2014 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары
- 07.10.2013 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры;
- 04.12.2012 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Корпоративтік кредиттеу департаментінің директоры.



Ахметов Қуат Сапарұлы

*Туылған күні:* 14/10/1964

*Атқаратын қызметі:* Басқарма төрайымының орынбасары

*Соңғы үш жылдағы және қазіргі кездегі алқалық атқарушы орган мүшелерінің әрқайсысы атқаратын қызметтер:*

- 11.05.2010 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрайымының орынбасары.



Қабылова Ажар Өтегенқызы

*Туылған күні:* 14/05/1963

*Атқаратын қызметі:* Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

*Соңғы үш жылдағы және қазіргі кездегі алқалық атқарушы орган мүшелерінің әрқайсысы атқаратын қызметтер:*

- 20.01.2009 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры - Басқарма мүшесі.



Айтқазина Шолпан Тілеуғабылқызы

*Туылған күні:* 28/11/1981

*Атқаратын қызметі:* Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

*Соңғы үш жылдағы және қазіргі кездегі алқалық атқарушы орган мүшелерінің әрқайсысы атқаратын қызметтер:*

- 21.10.2014 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры.
- 01.12.2012 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Құқықтық департаментінің директоры;
- 10.06.2011 ж. – Заңи басқару басқармасының бастығы.



## 8.6. БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Басқарма Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық жасайтын алқалық орган болып табылады. 2016 жылы Басқарманың 55 отырысы өткізілді, олардың барлығы күндізгі нысанда өтті. Жалпы 2016 жылы Басқарма 376 мәселені қарап, олардың арасында 87 мәселе Директорлар кеңесінің отырысына жіберіліп, олар бойынша шешімдер қабылданды және тапсырмалар берілді.

### **Қаралған мәселелердің негізгі блоктары:**

- КС кредиттік рейтингін анықтау және беру әдістемесіне өзгертулер енгізілді, бұл – КС меншікті капиталына 12 минималды мәнінен КС меншікті капиталына максималды 20-ға 1 мәніне дейін арақатынасын ұлғайту бойынша, бірыңғай кредиттеу лимитін орнатуға мүмкіндік берді. Аталған шара КС-нің әрбір кредиттеу бағдарламасы бойынша лимитті ұлғайтуды қарамауға жағдай жасады;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылып, оның құрамы бекітілді;
- Корпорацияның өнімдер тізбегін ұлғайтумен байланысты және ХҚЕС талаптарына сәйкес «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ провизияларын Есептеу әдістемесі бекітілді;
- Корпорацияның жоғары білікті кадрлық әлеуетін қалыптастыруға және сапасын арт-

# 55

## ОТЫРЫСТАР

Басқарманың күндізгі нысандағы

# 376

## МӘСЕЛЕЛЕР

Қаралды

тыруға қатысты негізгі талаптарды анықтау мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жұмыскерлерін іріктеу, қабылдау, бейімдеу, ауыстыру және жұмыстан босату туралы қағида бекітілді;

- ҚДЖ бағдарламасы бойынша микроқаржы ұйымдарын қорландыру тәртібін анықтау үшін бұрын бекітілген үлгілік нысандар негізінде Шектелмелі келісімнің үлгілік нысаны әзірленді;
- «Жұмыспен қамту картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттеудің жаңа шарттарын енгізумен байланысты КС мен МҚҰ іріктеу және кредиттеу регламенті бекітілді;
- әлеуетті клиенттер үшін тартымдылығын күшейту мақсатында орталық аппараттар мен филиалдардың кеңсе үй-жайларын сыртқы және ішкі безендіру бойынша бірыңғай стандарттар бекітілді.

## 8.7. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА СЫЙАҚЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы белгілеу – ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің құрамында осындай тұлғаның қатысуынан Корпорация үшін күтілген оң әсер назарға алынуы тиіс.

Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді, егер заңнамамен, Корпорацияның және өздері жұмыс істейтін ұйымдардың нормативтік құжаттарымен өзге жағдайлар қарастырылмаған болса. Корпорация Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды. Тиянақталған жылдық сыйақы көлемі Дара акционердің шешімімен анықталады.

Сыйақы тәуелсіз директор дауыс берген Директорлар кеңесінің шешімімен келтірілген Корпорацияға залал келтіру дерегі анықталған жағдайда төленбейді.

Корпорацияның Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы қағида Корпорацияның Директорлар кеңесімен бекітіледі. Қағидада Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының көлемі, еңбек ету және сыйлықақы беру шарттары анықталған. Сыйақы орындалатын жұмысы мен атқаратын қызметінің күрделілігіне қарай жеке тәсілдеме негізінде сараланған. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесі бір жылдағы жұмысының қорытындылары бойынша сыйақыларды қамтиды. Бір жылдың қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің стратегиялық негізгі қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелеріне және олардың қызметін Директорлар кеңесінің бағалауы нәтижелеріне қарай жылына бір рет төленеді.

## 8.8. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы жұмысын бағалау корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибенің ескерілуімен, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жарғысына, Директорлар кеңесі туралы қағидаға және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылды.

Директорлар кеңесі жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша жалпы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысын «тиімді» деп тануға болады деген тұжырымға келді. Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіпқойлығы жоғары деңгейде бағаланды, біліктілігі қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді. Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмысы тиімді болып табылады және Директорлар кеңесінің жұмысын оңайлатады.

Алайда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметін әрі қарай дамыту бағыттарын анықтады, атап айтқанда, Директорлар кеңесінің келесі мәселелерге қатысуы бойынша:

- Қоғамның Даму стратегиясын өзекті ету;
- Қоғамның стратегиялық міндеттерінің орындалуына мониторинг жасау.
- Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру;
- Қоғам бюджетінің орындалуын бақылау;
- Қоғамды автоматтандыру бойынша бақылау;
- инвестициялық жобаларды бақылау;
- ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, соның ішінде сыртқы қауіпсіздік мәселелері бойынша.
- қаржы ұйымдарының қорландырылуын бақылау.
- өкілеттіктерді орталықсыздандыру мәселесін қарау (өңірлердегі филиалдардың директорларының рөлін күшейту).

## 8.9. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 29 шілдедегі № 49 шешімімен Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

Корпоративтік басқару кодексінің мақсаты – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дағы корпоративтік басқаруды жетілдіру, Корпорациядағы басқару айқындығын қамтамасыз ету, тиісті корпоративтік басқару стандарттарына бейілділігін растау болып табылады.

Корпорация корпоративтік басқаруға – қызметінің тиімділігін арттыру, беделін нығайту және капитал тартуға арналған шығындарды төмендету құралы ретінде қарайды.


Корпорациядағы корпоративтік басқару әділдік, шыншылдық, жауапкершілік, айқындық, кәсіпқойлық және құзыреттілік негізінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделеріне құрмет көрсетуді түспалдайды және сәтті қызмет етуге, соның ішінде Корпорация құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен пайдалылықты қолдауға жағдай жасайды.

Өз қызметінде Корпорация Корпоративтік басқару қағидаларын, сондай-ақ тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін Корпорацияның өзге нормативтік актылерін қатаң түрде сақтайды және оларды басшылыққа алады.



# 09

## САПА МЕНЕДЖМЕНТИ ЖҮЙЕСІ



Корпорацияның Сапа менеджменті жүйесі (әрі қарай – СМЖ) ХС ИСО 9001:2008 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» халықаралық стандартының талаптарына сәйкес әзірленді және енгізілді. Ол СМЖ ұдайы жақсарту үдерістерін пайдалануды қоса алғанда СМЖ нәтижелі қолдану арқылы қарызгерлердің қанағаттанушылығын арттыру үшін тұтынушылардың талаптарын, сондай-ақ заңнамалық және өзге регламенттейтін актілердің талаптарын қанағаттандыратын қаржы қызметтерін Корпорацияның ұсыну қабілетін растау үшін енгізілді.

2007 жылғы 07 қарашада Корпорация өз қызметінің ҚР СТ ИСО 9001:2008 Қазақстан Республикасы стандарттарына сәйкес келетінін растайтын сапа сертификатын алды.

2010 жылғы 27 тамызда Корпорация СМЖ-і ХС ИСО 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес «Русский Регистр Евразия» ЖШС-мен сертификатталды.

2013 жылғы 27 тамызда Корпорация СМЖ-і сертификаттың 2016 жылғы 27 тамызға дейін қолданылу мерзімінен қайта сертификаттаудан өтті. ХС ИСО 9001:2008 стандартының талаптарына сәйкес, Корпорация сертификатты растау

мақсатында жыл сайын сыртқы аудиторлардың инспекциялық аудитінен өтеді.

2016 жылы қайта сертификаттау аудиті жүргізілді. ХС ИСО 9001:2008 нұсқасы бойынша жаңа СМЖ сәйкестік сертификаты алынды.

ИСО 9001-2008 стандартының талаптары бойынша Корпорацияда СМЖ дамыту және жетілдіру бойынша жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді, атап айтқанда:

- сапа саласындағы Саясат пен Мақсаттарды бекіту;
- басшылық тарапынан ММЖ талдауын жүргізу;
- ішкі сапа тексерулерін жүргізу;
- жыл сайынғы инспекциялық аудиттен өту.

Қайта сертификаттау аудитінің қорытындылары бойынша, Корпорация СМЖ-ның жұмыс қалпында қуатталып отыратындығы, ұдайы жақсару қағидаттарына сәйкес дамып жатқандығы және жалпы алғанда нәтижелі екендігі, сондай-ақ ХС ИСО 9001:2008 талаптарына сәйкес келетіндігі анықталды.

---

**Корпорацияның Сапа менеджменті жүйесі (әрі қарай – СМЖ) ХС ИСО 9001:2008 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» халықаралық стандартының талаптарына сәйкес әзірленді және енгізілді.**



# 10

КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС



Корпорацияның кадрлық саясатының мақсаты – қызметкерлерді басқару тиімділігін арттыру және Корпорацияның аса маңызды ресурсы ретінде қызметкерлерді дамыту арқылы стратегиялық міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Кадр саясатының негізгі басымдықтары – жоғары кәсіби жұмыскерлерді тарту, дамыту және ұстап қалу; қызметкерлерді басқарудың озық әдістерін

енгізу, Корпорацияда қызметкерлермен жұмыс жасау бойынша тиімді бөлімшелер құру; Корпорацияның әлеуеті жоғары жұмыскерлері пулын басқару; Корпорациядағы инновациялар мен өзгерістерді қолдау; бірлескен құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды, жұмыскердің жүріс-тұрысын регламенттейтін жүріс-тұрыс нұсқамаларын құру және жасап шығару болып табылады.

## 10.1. КАДР САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

- өзара қарым-қатынастардың ұзақ мерзімді сипаты;
- жұмыскерлердің атқарып отырған қызметтеріне олардың біліктілігінің сәйкес келуі;
- Корпорация мен жұмыскерлердің мүдделері мен мақсаттарының өзара байланысы;
- білім мен тәжірибенің сабақтастығы, жұмыскерлерді дамыту мен оқытуға баса назар аудару;
- сіңірген еңбегі мен қол жеткізілген нәтижелері бойынша сыйақы беру және жоғарылату.

Корпорацияның жалпы штаттық саны соңғы үш жылда өзгермеген және 318 штаттық бірлікті құрайды.

Корпорация жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу әділдік (жекелеген жұмыскер еңбегінің саны мен сапасына жалақы көлемінің сәйкес келуі), құпиялылық (жеке жалақы бойынша ақпарат коммер-

циялық құпия болып табылады), уақыттылығы қажеттіліктеріне негізделеді. Еңбекақы төлеу қоры 2014–2016 жылдар кезеңінде өзгерген жоқ.

2016 жылы Корпорация жұмыскерлерінің арасында Қызметкерлердің қатысушылық деңгейін анықтауға қатысты жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде, қызметкерлердің басым көпшілігі жарқын келешек пен кәсіби өсу мүмкіндіктерінің болуына байланысты Корпорациядағы жұмысын жалғастыруға мүдделі екендігі анықталды. Корреспонденттердің негізгі бөлігі сондай-ақ әріптестерінің кәсіпқойлығы мен қызықты жұмысына қанағаттанушылық білдірді. Осылайша, қызметкерлердің Қатысушылық деңгейі 86% құрайтыны анықталды, ал бұл – 2016 жылға жоспарланған ҚНҚ-ден 6% артық. Бұл көрсеткіш – Корпорациядағы жұмыс атмосферасы тұрақты әрі позитивтік болып табылады және қол сұғушылықты қажет етпейді дегенді білдіреді.

### Гендерлік статистика, соның ішінде Корпорация басшылығындағы әйелдердің үлесі, %

	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
Штаттағы ерлердің үлесі	57	54	60
Штаттағы әйелдердің үлесі	43	46	40
Басшылықтағы әйелдердің үлесі	40	60	60
Желілік басшылар құрамындағы әйелдердің үлесі	29	42	36

## 10.2. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Корпорация жұмыскерлер үшін аса қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасайды, еңбек өнімділігіне жағдай жасайтын жұмыскерлерге әлеуетті қолдау көрсетеді.

Корпорацияда жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерді орындауы барысында оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүргізіледі. Жұмыскерлерді сапалы қосымша медициналық қызметтермен және Корпорацияның есебінен қалпына келтіретін

емделу мүмкіндігімен қамтамасыз ету ерікті медициналық сақтандыру арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыскерлердің салауатты өмір салтын жүргізуі қолдауға ие болады. Салауатты өмір салтын қолдау мақсатында Корпорацияда жұмыскерлердің спорттық және жаттығу залдарына, бассейндерге баруы үшін абонементтер сатып алу бойынша шығындары, сондай-ақ спорт алаңдарын жалдау бойынша шығындар алдын ала қарастырылуы мүмкін.



Қызметкерлердің жоғары өнімді сапалы еңбегін ынталандыру үшін материалдық (сыйлықақылар, естелік сыйлықтар, материалдық көмек) және материалдық емес ынталандырмалар (алғыс білдіру, мақтау қағазымен марапаттау) кеңінен қолданылады.

Корпорацияда бала туылған, некеге тұрған және жақын туыстары қайтыс болған жағдайда жұмыскерлерге материалдық жәрдем төлеу жүйесі қарастырылған.

Жұмыскерлерге тынығу, жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіру, денсаулығы нығайту үшін және өзге жеке қажеттіліктері үшін жалпы уақыты 30 (отыз) күнтізбелік күнді құрайтын жыл сайынғы ақы төленетін демалыстар беріледі.

Сынақ мерзімінен өткен, я болмаса онсыз жұмысқа қабылданған жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы берілген кезде Корпорацияның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте 2

(екі) лауазымдық жалақы көлемінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді. Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы жұмыскердің қалауы бойынша және тараптардың келісімімен жылдың кез-келген мезгілінде бөліктермен берілуі мүмкін.

Жалақының сақталуынсыз демалыстар, оқу демалысы, жүктілік пен босану бойынша демалыс, балаларға күтім жасау бойынша немесе жаңадан туылған баланы (балаларды) асырап алумен байланысты жалақының сақталуынсыз демалыс түрінде жұмыскерлерге емтихан тапсыру мен диплом жұмыстарын қорғау үшін және әрбір жұмыскердің жеке қажеттілігінің өзге себептері бойынша қажет болатын әлеуметтік демалыстарды беру жүйесі қолданылады.

Корпорацияда еңбекақы төлеудің уақыттық-сыйлықақы жүйесі қолданылады. Еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті жұмыскерлер жалақысымен қатар, Корпорацияда өтемдеу және ынталандыру сипатындағы төлемдер бар.





Қызметкерлердің дамуын басқарудың негізгі факторларының бірі – белгілі бір қойылған міндеттерді шешудегі ақырғы нәтижесі үшін жұмыскерлерге қызметін бағалаудың қорытындылары бойынша сыйлықақы түрінде қосымша сыйақы беру болып табылады.

Корпорацияда жұмыскерлерді демалыс және мереке күндері жұмысқа тартқан жағдайда, сондай-ақ жұмыскерлер іссапарларда болған жағдайда барлық кепілдіктер мен өтемақы төлемдерінің сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қызметкерлерді дамыту бағыттарының бірі – негізгі жұмыс орнынан қол үзумен және қол үзбестен жү-

мыскерлердің біліктілігін арттыру болып табылады. Әдетте жұмыскерлер Корпорация қызметінде қажет етілетін бағыттар бойынша оқытылады. Жұмыскерлер елдің аумағында және басқа елдерге шыға отырып біліктілігін арттыру мүмкіндігін иемденеді.

Әлеуметтік жауапкершілігі бар ұйым ретіндегі Корпорацияның Әлеуметтік саясатын іске асыру бойынша елеулі назар – табиғи апаттар мен басқа жағдайлар барысында еліміздің зардап шеккен азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аз қамтылған мұқтаж азаматтарына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге бөлінеді.


### 10.3. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ

Корпорация жыл сайын «МСФО (IFRS) 9: қаржы құралдарын есепке алу бойынша жаңа стандарт», «Мал шаруашылығының, өсімдік шаруашылығының және өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруді механикаландырудың заманауи технологиялары», «Инвестициялық жобалардың тәуекелдері: бағалау және компьютерлік үлгілеу», «Трансформация және ішкі аудит пен комплаенс функцияларын қалыптастыруға арналған жаңа тәсілдемелер» және т.б. секілді тақырыптар бойынша штаттық жұмыскерлерінің кемінде 25%-ын біліктілікті артыру курстарына жіберіп отырады.

### 10.4. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Корпорация өз қызметкерлері үшін қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жөніндегі нормалар мен стандарттардың талаптарына сәйкес келетін жұмыс жағдайын жасайды. Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау аспектілерінің жағдайына бақылау жасалады және оның нәтижелері туралы жұмыскерлерді уақытылы ақпараттандыру жүргізіледі. Еңбек шарттарын

Оқудан өткен жұмыскерлер үлесі, %



жасаған кезде Корпорация салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді өз мойнына алады, бұл үшін қажетті қаражатты бөледі және заңнамамен көзделген қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға қатысты жұмыскерлердің құқықтарының кепілдігін қамтамасыз ететін өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.



# 11

## МАРКЕТИНГ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ PR



Корпорация өз қызметін жариялап отыру мақсатында, сондай-ақ ақырғы клиентке қажетті ақпаратты жеткізу мақсатында коммуникациялардың барлық заманауи арналары мен құралдарын қолданады.

Барлық БАҚ бойынша бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы, кредит өнімдері мен жетістіктер туралы деректері бар баспасөз хабарламалары тұрақты негізде дайындалып, жіберіліп отырады. Материалдар «Қазақстанская правда», «Егемен Қазақстан», «Экспресс-К», «Литер», «Айқын», «Известия-Казахстан», «Эксперт Казахстан» секілді республикалық баспа басылымдарында, сондай-ақ «КазИнформ», «Kazakhstan Today», «Номад», «Интерфакс Казахстан» ақпараттық агенттіктерінің интернет-порталдарында жарияланады. Корпорацияның қызметі туралы бейнесюжеттер «Хабар», «Хабар 24», «Қазақстан», «Астана», «СТВ» телеарналарындағы жаңалықтарда, сондай-ақ «ПродВопрос» (Хабар), «Агробизнес» (Қазақстан), «Энергия Агро» (СТВ) арнайы телебағдарламаларында эфирге шығып тұрады.

Корпорация радиода, әуе көлігінде тікелей жарнаманы пайдаланады, сондай-ақ республикалық маңызы бар қызу қозғалыс жолдары бойындағы баннерлер түріндегі сыртқы жарнама құралдарын қолданады.

Клиенттермен, әріптестермен және БАҚ-пен қатынасуда Корпорация сенімділік пен ашықтық ортасын қамтамасыз етеді. Басшылық баспасөз конференцияларына, брифингтерге, форумдарға, дөңгелек үстелдерге, телевизиялық бағдарламаларға ұдайы қатысып тұрады. Осылайша, жұртшылық компанияның басшылық буынына тікелей жүгіну мүмкіндігіне қол жеткізеді, ал Корпорация қолданыстағы мәселелелі сұрақтар туралы кері

байланысқа дер кезінде қол жеткізеді және олардың шешімін іздеу – ашық клиенттермен немесе БАҚ өкілдерімен бірлескен түрде диалог негізінде талқылау барысында жүзеге асырылады.

Корпорацияның қызметі туралы жұртшылықты барынша ақпараттандыру үшін корпоративтік сайт бар, онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қажетті ақпарат бар. Сайтта жаңалықтар блогы бар, онда барлық соңғы уақиғалар жарияланады; Басқарма Төрағасының блогы – азаматтардың жүгінулері үшін кері байланыс нысаны; Корпорацияның кредит өнімдері туралы бөлім; фото және бейне галерея; филиалдары мен кредиттік серіктестіктерінің байланыстары және т.б бар.

Кері байланыс пен жұртшылықты ақпараттандыру жүйесін жетілдіру мақсатында, 2016 жылы Facebook және Instagram секілді танымал әлеуметтік желілерде Корпорацияның ресми парақтары пайда болды. Пайдалы және қызықты контенттің, сондай-ақ жарияланымдарды ілгері жылжытуға арналған құралдардың арқасында Корпорация аккаунттарына жазылушылардың саны күн сайын өсуде. Мысалы, тек Instagram желісінде жазылушылардың саны жылдың соңына қарай шамамен 800 адамды құрады, бұл – жақсы нәтиже болып есептеледі. Facebook-те жазылушылардың саны бірнеше жүздеген адамға ұлғайды. Facebook-тегі ресми беттің бүкіл қолданылу уақыты ішінде жауап берудің 100% көрсеткішіне қол жеткізілді. Пайдаланушыларда хабарлама жаза отырып өздерін қызықтыратын барлық сұрақтар бойынша жүгіну мүмкіндігі бар.

Корпорация қызметі туралы БАҚ-тағы айтылулар саны 2016 жылы 1 384 бірлікке жетті, 2015 жыл-



Келесі тақырыпқа арналған брифинг: «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның Қазақстан АӨК-ін қолдау бойынша қызметі туралы»



дың осындай кезеңінде – 946 бірлік болатын. Айтылулар санының өсуі 46% құрады.

2016 жылдың IV тоқсанында PR-стратегия әзірленді, оған сәйкес Корпорацияның орталық аппараты мен филиалдары үй-жайларының бірыңғай сыртқы стилі жасалды. Интернет-ресурс жаңғыртыла отырып, пайдаланушылар үшін барынша ақпараттық және қызықты болды. PR-стратегияға сәйкес, Корпорация таяу келешекте халықтың барлық топтарының арасында өз беделін көтеру үшін іс-шараларды қолға алуға ниеттеніп отыр. 2016 жылы екі сәтті акция өткізілді: «Біздің қарызгерлер жәрмеңкеде!» және «Сәттілік хикаялары».

**«Біздің қарызгерлер жәрмеңкеде!»  
(қазан-қараша 2016)**

Күзде Астанада «Күшті өңірлер – күшті Қазақстан» акциясы аясында жәрмеңкелер өз жұмысын бастады, онда отандық фермерлер Астана тұрғындарына өз өнімін ұсынды. Осы ауқымды іс-шараға сондай-ақ өнімдерін «АНК»

логотипі бойынша тануға болатын Корпорацияның қарызгерлері де қатысты.

**Студенттерге арналған «Табысқа жету хикаялары» акциясы (қараша 2016)**

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай «Табысқа жету хикаялары» акциясы болып өтті. Іс-шараны «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамы университетпен бірлесіп отырып өткізді.

Акция шеңберінде қазақстандық фермерлер – «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамының сәттілікке ие болған қарызгерлері ашық лекциялар нысанында студенттермен тәжірибесін бөлісті.

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы Гүлназ Атамқұлова атап өткеніндей, агроөнеркәсіптік кешен – Қазақстан экономикасындағы басым бағыттарының бірі және осыған байланысты жоғары білікті кадрларды даярлау аса маңызды болып табылады. Төраға студенттердің көптеген пайдалы нәрселерді үйренетініне және өз білімін келешек кәсібінде қолдана алатынына үміт білдірді.

Студенттер іс-шараға қызығушылық танытты: фермерлерге сұрақтар қойды, талқылауға қатысты. Спикерлердің сөз сөйлеуінің алдында көрсетілген бейне-роликтер бәріне ұнады. Бұл – фермаларға виртуалдық саяхат жасауға, сондай-ақ қазақстандық шаруалардың қолжеткізген табысын көрнекі етіп көрсетуге мүмкіндік берді.



Корпорация RAEX рейтинг агенттігімен («Эксперт РА Казахстан») өткізілетін Жылдық есептердің VI Конкурсындағы «Дизайн және полиграфия» аталымында 3-орынды иемденді.



Корпорация қызметкерлерін «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапаттау



# ТАБЫСҚА ЖЕТУ ТАРИХЫ





ТАБЫСҚА ЖЕТУ  
ТАРИХЫ

## «Айбек» АӨК

Ақтөбе қаласында 2016 жылғы тамыз айында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаржыландырған «Айбек» АӨК кешенді ет комбинатының консервілер өндіру жөніндегі цехының жұмысы іске қосылды. «Айбек» ауылдық тұтынушылар кооперативі Ақтөбе облысы Алға ауданының он шаруа қожалығы базасында 2007 жылы құрылды. Бірлестікте өнімділігі бір ауысымда 8 тонна етке дейін жететін мал сою цехымен және жер телімімен бірге өз базалары бар.

ЖОБАЛЫҚ  
ҚУАТЫ:

Шұжық  
өнімдері

1 500 Т

Консервіленген  
өнімдер

350 ГА

Жартылай  
фабрикаттар

300 Т

Бас директоры Самат Қалдығұлов айтып бергеніндей, жобалық қуаты – жылына 1 500 тонна шұжық өнімдері, 4 680 тонна консервіленген өнімдер және 300 тонна жартылай фабрикаттар.

Консервілеу цехы бір ауысымда әртүрлі консервілердің шамамен 5 000 құтысын шығарады: бұқтырылған сиыр еті, жылқы еті, қой еті, ботқа және басқа өнімдер. Цехтың ашылуы аймақты консервілермен қамтамасыз ету және нарықты қазақстандық қамту өнімімен молықтыруға жәрдемдесу мақсатында жүзеге асырылды, сондай-ақ ол Ақтөбе облысындағы қайта өңдеу мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

«Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Елбасымыздың тапсырмасын орындау

мақсатында біздің елімізде кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, тауар өндірушілерге жәрдем көрсету жөніндегі шаралар қолға алынуда. Нәтижесінде облысымызда импортты төмендетуге, ақтөбеліктерді өзіміздің жоғары сапалы өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жаңа өндірістер ашылуда», – деп есептейді Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев.

2008 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ет комбинатының бірінші кезегін – мал сою цехының құрылуын қаржыландырды. Кәсіпорын сондай-ақ шұжық цехын ашуды жоспарлауда. Жобаның іске асырылуы шамамен 50 жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.




**ТҰҚЫМ  
ТАРИХЫ**

## тұқым: Мұғалжар

**БАҒЫТЫ:** етті-сүтті



**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** Мұғалжар тұқымы 1998 жылы апробациядан өтті. Бұл – жабы типті қазақы аттардың таза тұқымын өсіру және жетілдіру әдісімен, сондай-ақ республикамыздың әртүрлі аймақтарының жергілікті популяциясын осындай өндірушілердің жұтып алуы әдісімен құрылған, өнімділіктің етті-сүтті бағытындағы жылқылардың әзірге жалғыз тұқымы. Мұғалжар тұқымының экстерьері келесі белгілермен сипатталады: олардың басының көлемі орташа, мойыны тік, жіңішке, ұзындығы орташа, арқасы мықты, тік, денесінің ұзындығы жеткілікті деңгейде дамыған, сауыры қысқа, жиі жағдайларда түсіңкі, кең емес, шатыр төрізді, бұлшықеттері қанағаттанарлық деңгейде дамыған. Төсі кең емес, төс қуысы жеткілікті деңгейде құлашты. Аяқтары құрғақ, жіңішке, сіңірлері жақсы білінеді. Бұл тұқым сондай-ақ көлемділігімен, бітім үйлесімділігімен, мықты дене құрылысымен, жеткілікті деңгейдегі сүйектілігімен, аяқ-қолының қалыпты қойылуымен және құрылуымен, керемет түктілігімен ерекшеленеді.



### ТІРШІЛІК ЕТУ АЙМАҒЫ:

Қазақстан, негізінен Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды облыстарында.

**ӨНІМДІЛІГІ:** Мұғалжар тұқымды биелер мен айғырлардың қазіргі кездегі мал басы алдыңғы буынынан жақсырақ ет пішіндерімен және көбірек тірі массасымен ерекшеленеді. Айғырлардың тірідей салмағы орташа есеппен 545–555 кг-ға, биелер – 490–510 кг-ға жетеді, түсі біртегісті (құласұр, құла, жирен, торы, сұр). Мұғалжар тұқымының еті мен майының сойыс шығысы 52–58% құрайды. Биенің тәуліктік сауым сүті 8–15 литрді құрайды.



Салмағы	<b>545-555</b> КГ	<b>490-510</b> КГ
Сойыс шығысы	<b>52-58</b> %	Тәуліктік сүт сауымы <b>8-15</b> Л





ТАБЫСҚА ЖЕТУ  
ТАРИХЫ

## «Петропавл нан-тоқаш комбинаты» ЖШС

«Петропавл нан-тоқаш комбинаты» ЖШС – Солтүстік Қазақстан облысындағы аса ірі нан өндіруші. Зауыт үн өнімдерінің 50-ден астам аталымын шығарады. Күн сайын мұнда 25 тоннаға дейін өнім өндіріледі. Комбинат «№ 1 нан зауыты» базасында құрылған болатын. Кейіннен оған кондитерлік телім, тоқаш және білезік нан өнімдерін өндіру цехы және нан-тоқаш өнімдерінің қарабидай-кебекті сұрыптары цехі қосылды. 2011 жылы зауытта жаңғырту жүргізілді. «Аграрлық несие корпорациясының» (АНК) кредиттік ресурстарына неміс, чех және швед жабдығы сатып алынды. Жаңғыртудың арқасында комбинаттың өнімдер тізбегі кеңейе түсті, ал шығарылатын өнімдердің сапасы жақсара түсті. Комбинаттағы жұмыс үдерісі барынша автоматтандырылған. Зауыттағы сапа өте қатаң қадағаланады. Бүкіл өнімі экологиялық тұрғыда қауіпсіз. Өнімдердің құрамында консерванттар мен тұрақтандырғыштар жоқ. Пісірмелерінің сапасы мен сұрыпталымына Петропавл тұрғындары дән риза. Бүгінгі таңда комбинат өз өнімін азық-түлік дүкендерінің сөрелеріне үздіксіз жеткізуде және шамамен 300 жұмыс орнын қамтамасыз етуде.

< 50

Бұйымдардың  
атаулары

300

Жұмыс орындары

25 Т

Күн сайын  
өндіріледі







## ТҰҚЫМ: Қазақтың биязы жүнді қойы

тұқым ішіндегі типтері:

- сарыбулақ (2008 ж.);
- жаркент (2016 ж.);
- қаратал (2016 ж.).

**БАҒЫТЫ:**  
етті-жүнді



**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** 1946 жылы академик В. А. Бальмонттың жетекшілігімен өсіріп шығарылған қазақтың биязы жүнді қойы жаңа, жоғары өнімді зауыттық отарларды, тізбектерді және тұқым ішіндегі типтерді құрудың орасан зор әлеуетін сақтап қалды. Қазақтың биязы жүнді қойының тұқым ішіндегі барлық типтерінде оның негізгі шаруашылық-пайдалы белгілері жоғары ет өнімділігі, яғни ірі көлемі, жоғары тірі салмағы, тұтас етінің жоғары сойыс шығысы сақталады, ал бұл – керемет дәмдік сападағы бәсекеге қабілетті қозы еті мен қой етін өндіруге мүмкіндік береді. Австралиялық мериностармен, американдық рамбульемен, дорсетпен және оңтүстік африкалық етті мериностармен кіріспе будандастыру жолымен жетілдірілді. Бәсекеге қабілеттілігі жоғары өнім – жаңа генотиптер алумен қамтамасыз етіледі. Жетекші асыл тұқымды отарларда 64–70% сападағы (19,5–20,5 мкм) жоғары сапалы жіңішке меринос жүні өндірісі 65–70%-ға жетті.

Қазақтың биязы жүнді қойлары ірі денелі, қаңқа сүйегі берік және дене бітімі жақсы болып келеді. Кеудесі кең және терең, арқасы мен белі кең және біртегіс. Шоқтығы біртегіс. Жамбасы жақсы толған. Ұрғашылары тұқыл, қошқарлары мүйізді және мүйізсіз болып келеді. Мойнында орташа қатпар немесе қыртыс түзеді. Қарнының түк басуы жақсы. Жануарлардың ширақтығы жоғары. Тұқымның негізгі ерекшелігі – биязы жүні мен 400 шақырымнан артық қашықтыққа айдауға шыдай алатын бейімділігімен қоса ол басқа биязы жүнді қойлармен салыстырғанда мықтырақ және дене бітімі күштірек болып келеді. Ұрықтылығы қанағаттанарлық, сойыс шығысы үлкен. Семіруі жылдам. Қазақтың биязы жүнді қойлары Қазақстан қойларының жергілікті тұқымдарының отарларын жақсарту үшін пайдаланылады.

Жүні меринос, жұқалығы бойынша теңгерілген (негізінен, 64-ші және 70-ші сапада), штапель бойымен ұзындығы бойынша және жүні бойынша теңгерілген және жоғары технологиялы қасиеттерді иемденеді: иілімді, ақ және люстралы шайыры бар, талшықтарының негізінен бастап ұшына дейін бұралаңдығы айқын білінген, мықты. Жүні тұтас, тұйық.

**ӨНІМДІЛІГІ:** қошқарларының тірідей салмағы 100–120 кг, қойларының тірідей салмағы 55–75 кг құрайды, түпнұсқасындағы жүн қырқымы 8–12 кг және тиісінше 4,5–5,5 кг құрайды. Жуылған жүн шығысы 55–63%, жүннің ұзындығы 9–12 см және 8–10 см. Жүннің жіңішкелілігі сапаның 60%-ынан 70%-ына дейін. Ұрықтылығы 125%. Мұндай тұқымды жануарлар жоғары деңгейдегі тез жетілуімен ерекшеленеді, жайылымда ұсталған қозыларының тірідей салмағы 4 айлық жасында 30–40 кг-ға жетеді. Қарқынды түрде бордақылаған жағдайда тәуліктік орташа өсімі 300 грамм және одан артық көлемді құрайды. Тез жетілу деңгейі қанағаттанарлық, семіруі жылдам.



Салмағы	<b>55-75</b> КГ	<b>100-120</b> КГ
Жүн қырқымы	<b>4,5-5,5</b> КГ	<b>8-12</b> КГ



«Есік жеміс сүрлеу зауыты» ЖШС томат пастасын, алма және өрік езбесін, сондай-ақ ақшылдандырылған алма қойылтпасын шығарумен айналысады. Шикізатты жергілікті бағандар мен фермерлерден сатып алумен қатар, компания өзінің алқаптары мен бақтарында қызанақ, өрік және алма өсіреді.

**Кәсіпорын жақын жерде орналасқан ауылдардан 140 адамды жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отыр.**

Зауытта жоғары өнімділікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи құрал-жабдық бар. Мысалы, томат цехының өндіріс қуаты – тәулігіне 80 тонна.



ТАБЫСҚА ЖЕТУ  
ТАРИХЫ

## «Есік жеміс сүрлеу зауыты»

Дайын өнім міндетті зертханалық сапа тексеруінен өтіп, ылғал мен күн сәулесі өтпейтін асептикалық қаптарға оралады, осының есебінен өнімнің жарамдылық мерзімі екі жылға дейін сақталады.

Зауыттың өнімі табиғи және балғын болғандықтан балалар тағамын, шырындар мен кетчуптерді өндірушілердің арасында үлкен сұранысқа ие болуда. Мысалы, 3 кг алма мен өріктен небәрі 1 кг нәрлі езбе алуға болады, ал 7 кг томаттан небәрі 1 кг томат пастасын алуға болады. Атап өтерлік жайт, зауыт шығаратын шикізатты жергілікті өндірушілер ғана емес, сонымен қатар Ресей және Беларусь елдерінің компаниялары да сатып алады.

Қызанақ  
егуге арналған  
алқаптардың аумағы

**1 000** ГА

Өрік  
бақтары

**350** ГА

Алма  
бақтары

**200** ГА



## АЛМА СҰРЫПТАРЫ

### Голден Делишес (Золотое Превосходное) .....

Ұшар басы ықшам, сопақ болып келген орташа көлемдегі ағаш. Жемістерінің салмағымен бұтақтары бірте-бірте иіліп түседі де, ұшар басы жылауық тал пішінін қабылдайды – тұрақты түрде пішіндеп қыркуды қажет етеді. Кеш пісетін қысқы американдық спур сұрыпы. Жемістері ағашта нық ұсталады. Жемістері сары, сопақтау, шамалы ойлы-қырлы, көлемі орташа 100–120 г.

Өсімтал сұрып, 5-ші жылы жеміс бере бастайды. Жемістерін терудің күнтізбелік мерзімдері – қыркүйек айының соңы. Терген кезде жұмсағы жасылдау, тығыз, тәтті, ұсақ дәнді, өте шырынды, ұзақ жатқан кезде ақсары немесе сары түске боялып, нәзік және хош иісті немесе татымды болады, дәмі тәтті десерттік (4,5 балл).

Тозаңдатушылар: Апорт, Кандиль-Синап, Ландсберг ренеті (лимонка), Заилийское.

Алғашқы жылдары тұрақты түрде жеміс береді, ал ересек ағашта – агротехникаға және ауа-райы жағдайларына қарай. Жемістері мамыр айына дейін сақталады. Шымдалған (шалғындандырылған) бақтардағы сақтауға арналған жемістерінің сақталғыштығы мен шырындылығы жақсара түседі.

### Айдаред .....

Бұл ағаш жеткілікті деңгейде өскелең болып келеді, ағаштың ұшар басы біршама қалың және шар тәрізді. Кеш пісетін қысқы американдық сұрып (Джонатан x Вагнер).

Жемістері біртегіс дөңгелек, бірөлшемді, едәуір ірі – 140 г-нан 190 г-ға дейін. Жемістерінің негізгі реңі ашық-жасыл және оның үстінде бүкіл бетімен қою жолақтары бар қаныққан қошқыл-қызыл күрең түсті қызыл рең тарайды.

Алманың терілетін пісуі – қыркүйек айының соңында. Жұмсағы шырынды, ашық-қызыл күрең түсті, дәмі қышқылтым-тәтті. Хош иісі орташа деңгейде білінеді. Дәмінің бағасы 4,2 балл.

Өздігінен тумайтын сұрып. Үздік тозаңдатқыштары: Вагнер, Кубань спур, Апорт, Ред Делишес, Заилийское, Ландсберг ренеті (лимонка), Глостер, Кандиль-Синап.

Аласа телітушілерде жеміс беруі 3–4 жылда, орташа телітушілерде 5–6 жылда басталады. Тұрақты түрде жеміс береді. Жемістері сәуір айына дейін сақталады. Сақтаған кезде жемістері тері асты теңбілділігіне ұшырауы мүмкін.

### Заря Алатау .....

Ұшар басы кең пирамидалы, биіктігі орташа ағаш. ҚазЖЖЖШҒЗИ өсіріп шығарған, қарқынды типтегі қысқы сұрып.

Жемістерінің көлемі орташа (90–110 г) дөңгелек-конусты, жасылдау-сары түсті, көмескі сарғылт-қызыл реңі бар.

Жемістерінің терілетін пісуі – қыркүйек айының соңында. Жаңбырлы күзде жемістері жарықшақтанады. Жұмсағы шырынды, тығыз, қышқыл-тәтті (4,4 балл).

Өсімтал сұрып, 5-ші жылы жеміс бере бастайды. Ағаш қартайған сайын жемістері майдалана түседі. Жеміс беру кезеңділігі айқын білінбейді. Бір ағаш шамамен 100 кг жеміс береді. Ақпан-наурыз айларына дейін сақталады.



Ақұнтаққа жоғары төзімді болып келеді



Қуаңшылыққа төзімділігі – орташа, құрғақшылық маусымдарында жемістері тым майдаланып кетеді



Қыс мезгіліне төзімділігі – орташа

Бір ағаштан тіреліген жеміс **180-100 КГ**  
10–12-жылдық ағашта



Бұл сұрыптың ақұнтаққа төзімділігі орташа, қотырға қарсы төзімсіз, қоңыр теңбілділікке қарсы төзімді



Қуаңшылыққа төзімділігі жоғары



Қыс мезгіліне төзімділігі – орташа

Бір ағаштан тіреліген жеміс **90 КГ**  
10–12-жылдық ағашта



Қотырға және ақұнтаққа қарсы төзімділігі жеткіліксіз



Қыс мезгіліне төзімділігі жақсы, Урал мен Сібір үшін келешегі мол сұрып



## «Эмиль» компаниясы

Шығыс Қазақстан аумағындағы «Эмиль» компаниясы сүт өңдеу және сүт өнімдерін шығару бойынша ірі компаниялардың бірі болып табылады. Кәсіпорын өңірдің экономикасын дамытуға елеулі үлес қосып қана қоймай, сонымен қатар, ірі серіктес бола отырып, облыстың келесі шаруа қожалықтарына тұрақты даму мүмкіндігін қамтамасыз етуде: «Камышинское», «Опытное хозяйство масличных культур», «Воробьев и Ко», «Шемонаихинское», «Шипулин», «Глубочанка», «Дородница» және «Средигорненское». «Эмиль» кәсіпорны 500-ден астам адамды лайықты жұмыспен қамтамасыз ете отырып, оларға жұмыс істеуге ғана емес, сонымен қатар дамуға, кәсіп тұрғыда өсуге және өздерін жеке тұлға ретінде іске сыруға мүмкіндік береді. Компания 1993 жылы құрылған. Алғашқы болып балмұздақ өндіру цехы іске қосылды. 22 жылдық жұмысы барысында технологиялар бірнеше мәрте өзгерді және жетілдірілді, өнім мен оның сапасын бақылау деңгейі артты, сұрыпталымының ауқымы кеңейді.

**2013 жылдан бастап «Эмиль» компаниясы «Қайта өңдеу кәсіпорындарын кредиттеу» бағдарламасы бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да кредиттеліп келеді.**

2013 жылғы шілде айынан бастап ірі ребрендинг жобасы іске қосылды, ол кәсіпорынның толық техникалық қайта жарақтандырылуын, шығарылатын өнімнің бағыттары мен сұрыпталымының өзгеруін қамтамасыз етеді. 2014 жылғы қазан айында – компания нарыққа жаңартылған «Эмиль» брендин ұсынды. Сатып алушының талаптарына сәйкес келетін заманауи орам, жаңа ықшамды дизайн – нарықтың алғашқы емеуріні ребрендингтің оң нәтижелерін көрсетті. Қызметкерлер сатып алушылардың ұсыныстары мен шағымдарын зерттеуге

баса назар аударады. Тұтынушылармен үлкен зерттеу жұмысы жүргізілуде, оның қорытындылары орамды жетілдіруде және өнім тізбектеріне жаңа дәмдер енгізуде көрініс табады. Ақырғы нәтижесі – мінсіз дәмдік қасиеттері бүкіл технологиялық үдеріске байланысты. Міне сондықтан бүкіл өнім – шикізат қабылдаудан бастап, сауда желісіне жөнелткенге дейін көпдеңгейлі бақылаудан өтеді. Зертханалардың мамандары шикізат пен дайын өнімге – адам үшін өнімнің тағамдық құндылығы мен қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі бойынша зерттеулер жүргізеді. «Эмиль» фирмасы өнімдерінің жоғары сапасы – сапалы шикізат пен заманауи технологиялардың және біліктілігі жоғары қызметкерлердің: технологиялық және механикалық қызметтің, материалдық-техникалық бөлімнің, жабдықтау мамандарының, диспетчер бөлімінің, сату бөлімінің және басқарма қызметкерлерінің мінсіз үйлесімінің нәтижесі. «Эмиль» компаниясының бүкіл ұжымы өзінің кәсіби деңгейін тұрақты түрде арттырып отырады және өндірісте қол жеткізген машықтарын толық көлемде іске асыру мүмкіндігін иемденеді. Бүгінгі таңда «Эмиль» компаниясының өнімі сатып алушылардың мойындауына ие болды және қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы сарапшылармен жоғары бағаланды. «Эмиль» ЖШС өнімі әртүрлі қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық көрмелерде бірнеше мәрте марапатталды. Бірақ өнім сапасының ең жоғары бағалануы, сөзсіз, сатып алушылардың мойындауы мен сүйіспеншілігі болып табылады.

# 500

АДАМДАР

Жұмыс орындары

# 22

ЖЫЛ

Компанияның негізі  
1993 жылы қаланған



## ТҰҚЫМ: Оңтүстік Қазақстан мериносы

**БАҒЫТЫ:** етті-жүнді

**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** Оңтүстік Қазақстан мериносы жүнді-етті өнімділік бағытындағы қойлардың Қазақстандағы алғашқы тұқымы болып табылады, 1966 жылы апробацияланған. Осы тұқымның жасап шығарылуымен Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы меринос қой шаруашылығына барынша оңтайлы пайдалану мәселесі шешілді. Тұқымды жетілдіру бастапқы кезеңде асыл тұқымды өсірумен, ал 1971 жылдан бастап – Оңтүстік Қазақстан қойларын Австралиялық меринос тұқымды қошқарлармен кіріспе будандастыру және кейіннен қалаулы типтің қоспаларын «өзінде» өсіру жолымен жүргізілді. Оңтүстік Қазақстан мериносының етті қасиеттері өнімділіктің осындай бағытындағы биязы жүнді тұқымдарға қарағанда едәуір жақсы білінеді. Жоғары ұрықтылығы (110–120%), жақсы дамыған аналық инстинкт көбіне жайылымдық ұстау жағдайларында қозылардың жоғары іскерлік шығысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оңтүстік Қазақстан мериносы – дене құрылысы мықты, төзімділігі жоғары, жартылай шөлді және құрғақ далаларда жаюға бейімделген. Қаңқа сүйегі берік. Мойнында 1–2 қатпар немесе бойлық қабат (бойлық қыртыс), кейде – «фартук» болады. Қойлары тұқыр, қошқарларының мүйізі жақсы дамыған. Жүні тығыз, жақсы тұйықталған, құрылымы штапельді, бұралаңдығы айқын білінеді. Ақ түсті, жақсы

теңгерілген жұнының ұзындығы 8,4 см-ге дейін жетеді. Шайырының төзімділігі шамалы.

Төзімділігі жоғары, жүн өнімділігі жақсы, ұрықтылығы жоғары. Шөлді және құрғақ далалар жағдайына бейімделген, жүнінің сапасы жақсы.

**ТІРШІЛІК ЕТУ АЙМАҒЫ:** негізгі аймақ – Қазақстанның далалы аудандары, үздік отарлар Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының тұқымдық зауыттарында өсіріледі.

**ӨНІМДІЛІГІ:** қошқарларының тірідей массасы 90–98 кг, жүн қырқымы 10–12 кг, жуылған жүн шығысы 55–57%, жүнінің ұзындығы 9–10,5 см. Қойлары – тиісінше 52–55 кг, 57–58% шығысы жағдайында 5,3–5,7 кг, жүнінің ұзындығы 8–9,5 см. Талшықтарының жұқалығы 64–70% сапада. Ұрықтылығы 110–120%.



Салмағы	<b>52-55</b> КГ	<b>90-98</b> КГ
Жүн қырқымы	<b>5,3-5,7</b> КГ	<b>10-12</b> КГ





ТАБЫСҚА ЖЕТУ  
ТАРИХЫ

## «Жақсылық» шаруа қожалығы

«Жақсылық» ШҚ басшысы – аты аңызға айналған балуан, Олимпиада чемпионы болған алғашқы қазақ Жақсылық Үшкепіров ауыл шаруашылығымен 1995 жылдан бастап айналыса бастады. Бастапқыда Алматы облысы Балқаш ауданындағы фермада ол ұсақ қара мал өсірді.

2006 жылы Үшкепіров Мыңбаев ауылында жер алды, онда қазір шаруашылық орналасқан. Ол кезде ауыл тұрғындарының саны 2 000 адамды құрайтын. Қазіргі таңда, 17 жыл өткеннен кейін тұрғындарының саны үш есеге өсіп, 6 000 адамды құрады.

Ең алдымен Жақсылық Әміреұлы өз қаражатына ауылға 15 шақырым газ құбырын тартты. Кейіннен Кеңес Одағынан қалған ескі азықтықтар, ауыл шаруашылығына арналған гараждар қалпына келтіріліп, 100 орынға арналған балабақша салынды, сондай-ақ спорт кешені қалпына келтіріліп, онда қазір 200-ден астам бала спортпен айналысуда.

2010 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» бордақылау алаңының құрылуын қаржыландырды. Ал 2015 жылы – «Құлан» бағдарламасы бойынша 1 657 жылқының сатып алынуын қаржыландырды. Бүгінгі таңда «Жақсылық» ШҚ-дағы ІҚМ мал басы 5 000, ал жылқылардың мал басы – 3 000 басты құрайды. Фермада жергілікті тұрғындардан 70 адам жұмыс істейді.

Үшкепіровтың айтуынша, ауыл шаруашылығымен айналысу аса оңай іс емес, бірақ бұл бизнес жақсы жеміс әкеледі және ақша тауып қана қоймай, сонымен қатар ауылды көтеруге мүмкіндік береді.

**3 000**

БАС

ІҚМ мал басы

**70**

ЖҰМЫСКЕРЛЕР

Жергілікті  
тұрғындардан



Жақсылық Үшкепіров





## ТҰҚЫМ: ҚАЗАҚЫ

**БАҒЫТЫ:** етті-сүтті



**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** қазақы жылқы тұқымы Қазақстан аумағында ежелден қалыптасқан. Үйірлеп жылқы өсірудің төтенше жағдайында ызғарлы климаттың әсерінен орын алған көпғасырлық табиғи іріктелім және көшпенді шаруашылықта жылқыға қойылатын талаптарға сәйкес келетін жасанды іріктелім – осы тұқымды жасап шығарудың басты факторлары болды.

Қазақы жылқы тұқымының бірнеше типі мен тұқымдары бар: жабы типті жылқы, адай жылқысы, найман жылқысы. Әрине, Қазақстанның ұлан-ғайыр аумағындағы табиғи және экономикалық жағдайлардың алуан түрлілігі және өртүрлі тұқымдармен (соның ішінде монғол және т.б. жылқыларымен) будандастырылуы – қазақы жылқылардың өртүрлі ішкі табиғи типтерінің қалыптасуына жағдай жасады.

Тұқымдары мен типтері алуан-түрлі болғанымен, қазақы жылқыларға келесідей ортақ қасиеттер тән: жылдың барлық маусымдарында (соның ішінде құрғақ, ыстық жаз бен ызғарлы, үскірік және боранды қысты қоса алғанда) жайылымда ұстауға жоғары бейімділік, жұмыстағы төзімділік және аласалық.

**ТІРШІЛІК ЕТУ АЙМАҒЫ:** қазақы жылқыны өсіру аймағы – республикамыздың бүкіл дерлік аумағы.

**ӨНІМДІЛІГІ:** Жабы типті айғырлардың орташа өлшемдері мен тірідей салмағы: 146–154–184–19,5 см және 503 кг, биелері тиісінше: 144–152–182–18,5 см, және 468 кг. Биелері жоғары сүттілігімен ерекшеленеді: жайылымда ұстаған кезде тәулігіне 12–15 литр сүт береді, ал үздіктері 18 литрге дейін сүт береді. Сілеті зауыттық типіндегі биелердің сүтінің химиялық құрамы: май – 1,80%, ақуыз – 2,07%, қант – 6,51%, ҚМСҚ 8,93%, сүттің тығыздығы – 33,01Ао. Сілеті зауыттық типіндегі ересек биелердің ет өнімділігі: тірідей салмағы 462 кг, тұтас етінің салмағы 259 кг, сойыс шығысы – 56%

және 2,5 жастағы құлыншақтардың ет өнімділігі – тірідей салмағы 374,2 кг, тұтас етінің салмағы – 206,3 кг, сойыс шығысы – 55,0%. Сілеті зауыттық типіндегі 2,5 жастағы құлыншақтардың етінің химиялық құрамы: ылғал – 58,7%, май – 21,8%, ақуыз – 18,4%, күл – 1,1%, құнарлылығы – 11656 кДж (1 кг ет).

Қазіргі уақытта найман зауыттық типінің Өрлік және Қаршыға секілді екі зауыттық тізбегімен негізі қаланды. Өрлік желісінде айғырларының орташа тірідей массасы 410 кг және өлшемдері 143,0–149,3–173,4–18,9 см, биелері – тиісінше 380,4 кг және 139,3–147,6–170,6–18 см. Қаршыға тізбегінде айғырларының орташа тірідей массасы 410,0 кг және өлшемдері 143,4–149,9–173,9–19 см, ал биелері – тиісінше 380,1 кг және 139,9–147,9–170, 1–18 см.

Маңғыстау және Атырау облыстарының Каспий маңы шөлінде қазақы жылқылардың адай тұқымды жылқылары кең тараған, олардың қалыптасуына орта азиялық мініс тұқымдары әсер етті.

Олар мініс дене бітімімен, құрғақ дене құрылысымен ерекшеленеді, олардың басы жеңілдеу, жүрісі айқынырақ, аяқ-қолы құрғақ. Түстері негізінен сұр, торы, жирен, шабдар, құласұр, сондай-ақ сирек жағдайларда ашық-сары. Кейде басқа түстері де кездеседі. Айғырларының тірідей массасы – 480–500 кг, биелері – 380–470 кг құрайды.

Адай тұқымды айғырлардың сүтті өнімділігі тәулігіне 8 литрден 11 литрге дейін құбылып отырады, жекелеген жағдайларда 15 литрге дейін жетеді. 100 биеге шаққандағы құлындарының шығысы – 85–90%. Құлындары едәуір ірі болып туылады – шамамен 40 кг, және 6 айлық кезінде тірідей массасы 180 кг-ға дейін жетеді, құлындарының тірідей салмағы 4 жасқа қарай 370 кг, биелері – 360 кг болады.



Бұйымдардың  
атаулары

120

Жұмыс орындары

25



Александр Рацин



ТАБЫСҚА ЖЕТУ  
ТАРИХЫ

## «Сладкая сказка»

Алексей Новиков пен Александр Рацин кондитерлік бизнесте 20 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді. Достар «Сладкая сказка» деп аталатын фабриканы ашты, оның өнімі Петропавл қаласының тұрғындарына жақсы таныс. Кәсіпорын кондитерлік өнімдердің шамамен 300 аталымын шығарады, ал фабрикада шамамен 50 адам жұмыс істейді.

«Сладкая сказка» зауытында өндіріске тікелей «ақылмен» кірісті. Швейцариялық пештермен, итальянлық және ресейлік білдектермен қатар, фабрикадағы жабдықтардың көбісі құрылтайшылардың қолымен жасалған. Бұл – инженерлік білімнің өмірде пайдаға асуының үлгісі болып табылады.

2013 жылы Алексей мен Александр бәсекелес болып табылатын «Кондитер Макс» компаниясын сатып алуды шешті. Өз қаражаттары жетпегендіктен, «Аграрлық несие корпорациясында» өте тиімді шарттармен кредит алынды. Кәсіпорынның өміріне жаңа қарқын берілді. Бүгінгі таңда «Кондитер Макс СК» өнімдердің шамамен 120 аталымын шығарады және 25 жұмыс орнын қамтамасыз етеді.







ТҰҚЫМ  
ТАРИХЫ

## ТҰҚЫМ: Көшім


БАҒЫТЫ: етті-сүтті

**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** көшім тұқымы 1976 жылы Қаз КСР Орал және Ақтөбе облыстарының ат зауыттары мен кеңшарларындағы жергілікті қазақы биелерді желісті, асыл тұқымды мініс және дондық айғырлармен күрделі өсімпаздық будандастырудың негізінде өсіріп шығарылды. Өз атауын Батыс Қазақстанда ағатын Көшім өзенінен алды. Көшім тұқымды жылқыларды өсіріп шығару жөніндегі жұмыстар бір жылдың ішінде жайылымда ұстау жағдайында жусанды-сораңды-дөнді жайылымдарда жүргізілді. Тебіндеу мүмкін болмаған қыстаудың ауыр кезеңдерінде ғана шөп берілді.

**ТІРШЛІК ЕТУ АЙМАҒЫ:** Қазақстан және Ресей. Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында өсіреді. Жетекші шаруашылықтар: «Серғазиев» атындағы шаруа қожалығы, жылқыларының жалпы мал басы – 408 бас, «Көшім» ЖШС – жылқыларының жалпы мал басы 220 бас, «Сәбит» шаруа қожалығы – жылқылардың жалпы мал басы – 180 бас, «TS-AGRO» ЖШС,

«Қос-Істек-Агро» ЖШС,  
«Жан-Қанат-С» шаруа қожалығы – жалпы мал басы 339 бас.

**ӨНІМДІЛІГІ:** көшім тұқымды айғырлардың өлшемдері мен тірідей салмағы – осы тұқымды апробациялау кезеңінде келесідей болды: шоқтық биіктігі 160,1 см; шашылма ұзындығы – 162,8 см; кеуде айналымы – 192,2 см; сирақ орамы – 20,9 см және тірідей салмағы – 540 кг, биелердің тиісінше көрсеткіштері: 154,1–156,8–183,5–19,3 см және 492,0 кг. Тұқымның сүт өнімділігі орташа есеппен тәулігіне он үш - он төрт литр сүтті құрайды.



Салмағы	<b>540</b> КГ	<b>492</b> КГ
Шоқтық биіктігі	<b>160,1</b> СМ	<b>154,1</b> СМ





ТАБЫСҚА ЖЕТУ  
ТАРИХЫ

## «K-oil» ЖШС (Қостанай қ.)

Қостанайдың өнеркәсіптік ауданында, ауағы 4,7 гектар алаңда өсімдік майын өндіру зауыты орналасқан. «K-oil» ЖШС 2012 жылы құрылды. Кәсіпорын бірден «Аграрлық несие корпорациясында» кредиттелді. Ақша ресурстары шикізат сатып алу үшін айналым қаражатын толтыруға алынды. Шикізатты Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының фермерлері жеткізеді. Дәндерді сақтауға арналған қойма 20 мың тонна рапсқа немесе 14 мың тонна күнбағысқа арналып есептелген. Зауытта испандық «Прадо» компаниясының 4 силосы орнатылған. Әрқайсысының көлемі 5,5 мың текше метрді құрайды. Нақты өңдеу көлемі 25 мың тоннаны құрайды. Жүйе автоматтандырылған. Зауытта Германия, Түркия, Ресей, Қытай елдерінің және басқа елдердің құрал-жабдығы жұмыс істейді. Сығымдау цехының өнімділігі тәулігіне 150 тонна дән өңдеуді құрайды. Өнім негізінен ішкі нарықта сатылады. Майды Қытайға экспорттау жүзеге асырылады, күнжара Ресейге, Иранға, Орта Азия елдеріне жөнелтіледі.

25

МЫҢ ТОННА

Нақты өңдеу  
көлемі

4,7

ГА

Өсімдік майын өндіру  
зауыты





## ТҰҚЫМ: Еділбай

**БАҒЫТЫ:** етті-жүнді

**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** Еділбай тұқымы ұлттық ұрықтандырумен өсірілді, ол Қазақстанның батысында жасап шығарылды. Үлкен және Кіші Өзен секілді екі өзеннің су айырығында орналасқан керемет жайылымдар мен суармалы шабындық алқаптарының арқасында, Еділбай тұқымды қойлар өзіне тән ерекшеліктерімен ірі тұқым болып дамыды.

Ет-май өнімділігі бойынша керемет Еділбай тұқымы қазақ халқының ұлттық мақтанышы және отандық қой шаруашылығының брендті болып табылады. Еділбай қойлары Сарыарқа, қазақтың қылшық жүнді құйрықты, дегерес және т.б. секілді Қазақстанның етті-майлы қойларының жоғары өнімді жаңа тұқымдарын өсіріп шығару барысына үнемі қатысып отырды.

Еділбай тұқымды қойлар – дене құрылысы мықты жануарлар. Үйлесімді дене бітімімен, мықты қаңқа сүйегімен, тығыз терісімен, жеткілікті деңгейдегі кең және ұзын денесімен, мойнының орташа ұзындығымен, терең бұлшықетті кеудесімен, тік арқасымен сипатталады. Олардың басы орташа, ал кейде орташадан жоғары көлемді, сәл қоңқақ мұрынды болып келеді, аяқтары мықты және ұзындығы орташа. Жануар жыл бойы жайылымда ұстауға жақсы бейімделген. Түсі қара, құба және жирен. Қошқарларының құйрығы үлкен, жинақы немесе біршама түскен, қойларының құйрығы – үлкен және орташа, жинақы.

Жүнінде бірден айқын білінетін ірі және орташа бұрымшалар, негізінен қалыңдығы орташа шуда бар, ол түбітінен едәуір шығып тұрады.

Еділбай тұқымды қойлар төзімді, жемге қатысты көнбіс болып келеді және ұстау жағдайларын талғамайды. Кез-келген ауа-райы жағдайларына жақсы бейімделеді. Қозыларының сақталуы жоғары – дамудың емізу кезеңінде 96–98% құрайды.

Еділбай қойлары әлемдік қой шаруашылығының тектік қоры үшін аса құнды болып табылады және республикамыздың құйрықты тұқымдарының ғана емес, өнімділігі ұқсас бағыттағы әлемнің басқа тұқымдарының барлығының да етті-майлы қасиеттерін жақсарту үшін ойдағыдай пайдаланыла алады.



**ТІРШІЛІК ЕТУ АЙМАҒЫ:** бұл қойлардың үздік отарлары Батыс Қазақстан, Атырау, Ақмола және Жамбыл облыстарының тұқымдық зауыттарында шоғырланған. Қазақстанның бүкіл дерлік аумағында өсіріледі.

**ӨНІМДІЛІГІ:** Еділбай қойлары жоғары деңгейдегі тез жетілуімен, етті-майлы және жүнді өнімділігімен, үлкен бойымен және денесінің үлкен салмағымен ерекшеленеді. Қошқарларының тірідей салмағы 95–120 кг құрайды, үздіктері – 140–160 кг, қойлары – тиісінше 70–75 және 90–120 кг, енесінен айыруға арналған тоқты қошқарлары – 38–42, 50–60, ұрғашы тоқтылары – 36–40, 46–52 кг болады. 4–5 айлық тоқты қошқарларының сойыс шығысы 52–54%, ал 16–18 айлық тоқты қошқарлар – 54–56% құрайды, тұтас еттегі жұмсағының шығысы 80–82%. Қошқарларының жүн қырқымы 3–3,4 кг шегінде, қойларында – 1,8–2,2 кг.

Еті мен құйрық-майының керемет дәмдік сападағы жоғары деңгейлі шығысы осы тұқымды қойларды – ет ресурстарының аса маңызды көздерінің бірі ретінде сипаттайды. Бұл қойлардың біртекті емес қылшық жүні кілемдер мен киіз бұйымдарын жасау үшін пайдаланылады, ал терісі – қой терісінен жасалған қымбат тон бұйымдарын жасауға жарамды болып табылады.



Салмағы	<b>70-75</b> КГ	<b>95-120</b> КГ
Жүн қырқымы	<b>1,8-2,2</b> КГ	<b>3-3,4</b> КГ



ТАБЫСҚА ЖЕТУ  
ТАРИХЫ

## СҚ АТС

Шағалалы ауылында Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы бар. Бұл – ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі өндірушісі. Ол 1956 жылы құрылған. Өндіріс саласындағы негізгі міндет – өсімпаздығы жоғары дақылдарды өндіру болып табылады. Ал мал шаруашылығы екі бағытта дамуда – сүтті және етті. 2011 жылы «Аграрлық несие корпорациясының» (АНК) ресурстарына етті мал басын арттыру үшін 79 мал сатып алынды. Қазіргі сәтте шаруашылықта 270 бастан артық нашар тұқымды етті мал бар. Сондай-ақ қазақтың ақбас тұқымы секілді асыл тұқымды мал бар. Жыл сайын малдың барлық түрлері үшін ірі және шырынды жем дайындалады. Етті мал шаруашылығында шамамен 12 адам жұмыс істейді.

Сүтті мал шаруашылығы Кеңес дәуірінен бері жүргізіліп келеді. Тұқымы қара шұбар. Сауылатын табынның мал басы 320 басты құрайды. Қазіргі сәтте сауым шамамен 3,5 мың литрді құрайды.

«Мал соятын орындар желісін құру» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 2012 жылы дәл сол «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы өнімділігі ауысымына 5-7 басқа дейін мал соятын орын салынды. Ағымдағы сәтте мал соятын орын арқылы шамамен 680 бас мал өтті. Келешекте бордақылау орнын салу жоспарлануда.

Кәсіпорынның базасында ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сұрыптарын өсіріп шығарумен және климаттық жағдайлардың өнімділікке әсерін зерттеумен айналысатын ғылыми бөлімше бар. «Аграрлық несие корпорациясының» (АНК) табысты қарыз алушысы.

**320**  
БАС

Сауылатын  
табынның мал  
басы

**270**  
БАС

етті мал басы

**12**

Жұмыс орындары





ТҰҚЫМ  
ТАРИХЫ

## ТҰҚЫМ: Әуликөл

**БАҒЫТЫ:** етті мал шаруашылығы

**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** бұл тұқым Бүкілодақтық мал шаруашылығы институтының (БМИ), Қазақ мал шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институтының (ҚазМҒЗТИ) ғалымдары ұжымының Қостанай облысындағы «Москалевский» асыл тұқымды зауыты мамандарымен бірлесе отырып, үш мамандандырылған етті тұқымды – қазақтың ақ бас, шароле және абердин-ангус тұқымдарын күрделі өсімпаздық будандастыру жолымен мақсатты ұрықтандыру-асыл тұқымдандыру және ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде құрылды.

**ТІРШЛІК ЕТУ АЙМАҒЫ:** көбінесе Қостанай облысында, сондай-ақ Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Алматы және Қарағанды облыстарының шаруашылықтарына әкелу жүзеге асырылуда. Әуликөл малының негізгі өсімпаздық және асыл тұқымды табындары қазіргі уақытта Қостанай облысының «Москалевский» асыл тұқымды зауытында, «Диевский» және «Рамазан» асыл тұқымды шаруашылықтарында, Алматы облысының «Шанырақ», «Кереге» асыл тұқымды шаруашылықтарында және Қарағанды облысының «Ескене» асыл тұқымды шаруашылығында шоғырланған.



**ӨНІМДІЛІГІ:** әуликөл малы – тұқыл, құқыл (ақшыл-қуаң, кейде ақсары реңкпен) түстерде, өсудің жоғары жылдамдығымен, керемет етті қасиеттерімен сипатталады, төлінің сойыс шығысы 58–64% құрайды. Мұндай тұқымды жануарлардың зоотехникалық параметрлері мынадай: бұқаларының орташа тірідей салмағы 900–1000 кг, сиырлары 530–560 кг, 18 айлық асыл тұқымды өгізшелері 550–600 кг; сиырларының сүттілігі 200–220 кг; бордақланатын төлінің тірідей салмағының орташа тәуліктік өсуі 960–1200 г.

Қазіргі уақытта тұқымды шоғырландыру және жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылуда және тұқым-ішілік зауыттық тізбектер құрылуда.



Салмағы	<b>900-1 000 КГ</b>	<b>530-560 КГ</b>
Сойыс шығысы	<b>58-64%</b>	





ТАБЫСҚА ЖЕТУ  
ТАРИХЫ

## «Даниловское и К» ЖШС

2016 жылы «Аграрлық несиелік корпорациясының» құрылғанына 15 жыл толды. Осы уақыттың ішінде 70 млрд. теңге көлеміндегі жеңілдікті қаржы ресурстарын шамамен 70 мыңдай ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер алды. Корпорация «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингінің тікелей басшылығымен агроөнеркәсіп кешенін дамытуға елеулі үлес қосты. Қарыз алушылардың арасында – арзан қаржыландырудың арқасында жетістікке жете отырып, бүгінгі таңда өнімін «Made in Kazakhstan» маркасымен өндіріп және экспорттап жатқандар аз емес.

**140**  
СИЫР

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша сатып алынды

**6**  
БҰҚА

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша сатып алынды



Айбат Есентұров, «Даниловское и К» ЖШС директоры

«Даниловское и К» ЖШС (Ақмола облысы) әдепкіде өсімдік шаруашылығымен айналысты, бірақ жуырда мал шаруашылығын игерді. 2015 жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша компания 140 сиыр мен герефорд тұқымдас 6 асыл тұқымды бұқа сатып алды. Кәсіпорын пішендеме дайындаудың еуропалық технологиясын игеріп алды, осының арқасында тіпті қатты аяз жағдайларында да жем өзінің барлық пайдалы қасиеттерін сақтап қалады. Жем базасын қалыптастырудың мұндай тәсілдемесінің нәтижелері – малдың жақсы салмақ өсімі және төлдеуі болып табылады.

«Даниловское и К» ЖШС директоры Айбат Есентұровтың айтуынша, мал шаруашылығымен айналысу туралы шешім үлкен пайда келтірумен қатар, жергілікті тұрғындарды жыл бойы жұмыспен қамтамасыз етеді, олар шаруашылықтың аумағындағы екі мал шаруашылығы базасының құрылысына да тартылды.





ТҰҚЫМ  
ТАРИХЫ

## тұқым: Герефорд

**БАҒЫТЫ:** етті мал шаруашылығы

**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** ірі қара малдың етті бағытындағы герефорд тұқымы. 18 ғасырда Англияда (Херефордшир графтығы) жергілікті марды іріктеумен және таңдаумен өсіріп шығарылды.

Бөшке тәріздес, аласа, кең және терең денелі, сағағы қатты шығып тұратын, иық бұлшықеттері жақсы дамыған жануарлар. Түгінің қабаты жазда қысқа, қыста ұзын, бұйра. Түсі – қою қызыл, ал басы, шоқтығы, сағағы, қарны, аяқ-қолының төменгі бөлігі және құйрығының шашағы – ақ. Бұқаларының тірідей салмағы 850–1000, сиырлары 550–600 кг.

**ТІРШЛІК ЕТУ АЙМАҒЫ:** Ұлыбританияда, АҚШ-та, Канадада, Австралияда, Жаңа Зеландияда және т.б. елдерде кеңінен тараған. РФ еуропалық бөлігіндегі көптеген оңтүстік-шығыс облыстарында, Сібірде, Қиыр Шығыста, Қазақстанда өсіруге қабылданған.



**ӨНІМДІЛІГІ:** мал жақсы бордақыланады және семіреді, жоғары сапалы және мәрмәр ет береді. Сойыс шығысы 60–65% құрайды, кейде 70%-ға дейін жетеді. Жануарлар тез жетіледі, әртүрлі ауа-райы жағдайларына төзімді, жайылымдарда ұзақ уақыт ұстауға бейімделген, ұзақ айдауға жақсы төзеді. Қазақы ақбас тұқымын жақсарту үшін пайдаланылады.



Салмағы **850-1 000 КГ** **550-600 КГ**  
Сойыс шығысы **60-65%**





мал басы

<9 000



ТАБЫСҚА ЖЕТУ  
ТАРИХЫ

## «KazBeef LTD» ЖШС

«KazBeef LTD» ЖШС көптеген адамдарға жақсы таныс. 2010 жылы осы қазақ-американдық бірлескен кәсіпорны ашылған кезде құрылтайшылары біршама сынға ұшыраған болатын. Өзіміздің сиырларымыз жетіп жатқан кезде Қазақстанда қымбат асыл тұқымды мал неліктен әкелінуде деген сұрақ адамдарды мазалады.

Компания абердин-ангус және герефорд тұқымды сиырдың 2 000 басын сатып алуға, сондай-ақ бүкіл қажетті инфрақұрылымды салуға «Аграрлық несие корпорациясымен» қаржыландырылды. Бүгінгі таңда «KazBeef» дегеніміз – нағыз қазақстандық бренд. Кәсіпорын тігінен ықпалдандырылған, яғни жем дайындаудан, төл өсіруден және бұқаларды семіртуден бастап, ет пен шұжық өнімдерін өндіруге дейін – барлық кезеңдерді қамтиды.

Герефорд және ангус біздегі ауа-райы жағдайларына жақсы бейімделді. Тіпті ең қаһарлы қыста да оларды далада ұстауға болады. Бүгінгі таңда Ақмола облысының Мамай ауылында мал басының саны 9 000 бастан асады. «Мәлік Ғабдуллин» ауылындағы бордақылау алаңында 3 000 бұқа бар. Күн сайын Щучинск қаласындағы ет комбинатына бұл жерден ірі қара малдың 15 - 20 басы келіп түседі. «KazBeef LTD» ЖШС-нің басты мақтанышы – мәрмәр ет болып табылады, қазақстандық және ресейлік мейрамханаларда одан стейктер дайындайды.







ТҰҚЫМ  
ТАРИХЫ



## тұқым: Абердин-ангус

**БАҒЫТЫ:** етті мал шаруашылығы

**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** ірі қара малдың ет алу бағытындағы Абердин-ангус тұқымы Шотландияда (Абердин (Aberdeen) және Ангус (Angus) графтықтары) жергілікті қара тұқыл малдың жетілдірілуімен өсіріп шығарылған. Денесі терең және дөңгелек, аяқтары қысқа, мойны қысқа, иығы мен басы білінбей үйлесіп кеткен, белі мен бөктеріншегі жақсы дамыған, санының бұлшықеттері шабатын буынына дейін түскен. Сүйек қаңқасы жіңішке, терісі борпылдақ, жіңішке, иілмді. Тұқыл жануар. Түсі қара. Бұқаларының тірідей салмағы 750–800 кг, кейде 1000 кг-ға дейін жетеді, сиырлары – 500-550 кг, кейде 700 кг-ға дейін жетеді.

**ТІРШІЛІК ЕТУ АЙМАҒЫ:** Абердин-ангус тұқымы Ұлыбританияда, АҚШ-та, Канадада, Жаңа Зеландияда, Аргентинада, Австралияда және т.б. елдерде өсіріледі. Әулікөл малы етінің дәмдік қасиетін жақсарту үшін пайдаланылады.

ТМД-да қалмақ малымен будандастыру үшін (шатыстарының еті жоғары қасиеттерді иемденеді), сондай-ақ сүті және сүтті-етті тұқымдармен өнеркәсіптік будандастыру үшін пайдаланылады.

**ӨНІМДІЛІГІ:** Абердин-ангус тұқымы Әулікөл тұқымын өсіріп шығару барысында етінің қасиетін жақсарту үшін пайдаланылды. Тарттырылған өгізшелерінің тірідей салмағы 15–16 айда қарқынды өсіріп семірткен жағдайда 450–460 кг-ға дейін жетеді. Сойыс шығысы шамамен 60%. Еті мәрмәлігімен ерекшеленеді. Жануарлардың басқа тұқымдарымен будандастырған кезде жануарлар ұрпағына етінің жақсы қасиеттерін береді.



Салмағы **750-800 КГ** **500-550 КГ**  
Сойыс шығысы **60%**





## ЖАЗДЫҚ АРПА

**СҰРЫПЫ:** жаздық арпа,  
сұрыпы Астана 2000

**БАҒЫТЫ:**  
жоғары сапалы астық өндіру

### ҚЫСҚАША СИПАТЫ:

2000 жылы ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Н.А. Кравченконың жетекшілігімен Целинный 213 x Eagle (АҚШ) гибридіті популяциясынан жеке-отбасылық іріктеу әдісімен өсіріп шығарылды. Түрі – медикум.



ылғалдандыруға сезімтал болып келеді



қуаңшылыққа қарсы төзімділік



қастауышпен сәл зақымданады

өнімділігі орташа

**35,3**  
Ц/ГА

13,65 –  
17,11%

дәндегі ақуыз



1000 дәннің салмағы 47–50 г

Дәннің пішіні эллипстік, көлемі ірі, сары, дәннің негізі тақыр, дәннің негізіндегі қылтаны қысқа талшықты.

### Масағы

Тік тұратын, екі қатарлы, пирамидалы, сары, ұзындығы мен тығыздығы орташа (4 см масақ өзегіне 11–12 буыннан келеді), қылқанды, сәл салбырайды, сынғақ емес.



### Қылқандары

Қылқандары ұзын (масақтың ұзындығынан 1,5 есе асады) біртегіс, сары, масаққа нық қысылған, ұштарында әлсіз антоциан бояуы бар.

Сабағы 60–84 см

Тік тұратын пішінде. Өнімді түптілігі 1,3–2,6 дана, масақтың дәнділігі 16–19 дана.



орташа жетілген тип

Егіндік алқабы:

**341 795** ГА

Қостанай облысы

Солтүстік Қазақстан облысы

Ақмола облысы

Шығыс Қазақстан облысы



## ЖЕМДІК ТАРЫ

**СҰРЫПЫ:** жемдік тары 89

**БАҒЫТЫ:**  
жоғары сапалы астық өндіру

### ҚЫСҚАША СИПАТЫ:

сұрыптың авторы: Бекк Ә.Г., Коробкина Л.А., Блудшая Т.П. Түрі – ауреум, шабындықта жетілуі 34-күнге қарай.

Өсу мерзімі

**85-89**  
КҮН

шабындықта жетілуі

**39-43**  
КҮН

1000 дәннің салмағы 5,5–7,1 г

Сары, сопақ пішінді, ірілігі орташа.



Ұзындығы 21 см-ден 28 см-ге дейін сіпсебас

Сығылған, салбыраған, төменгі бұталарының негізінде әлсіз білінетін жастықшалары бар.

### Жапырақтары


Жасыл, ұзын-сүйір, ұзындығы 30–35 см, ені 1,6–1,8 см. Жетілгенге дейін жапырақтарының жасыл бояуы сақталады.

Егіндік алқабы:

Солтүстік Қазақстан облысы

Ақмола облысы





күнге төзімділік



ылғалдандыруға сезімтал болып келеді

пішен өнімі  
**45-50**  
Ц/ГА

тұқымдар өнімі  
**22-23**  
Ц/ГА

қастауышпен сәл зақымданады



**Сабағы**

Өсімдіктердің бойы әдеттегі жылдарда орташа – 80-100 см, ал ылғалдану бойынша қолайлы жылдарда 140–170 см-ге дейін жетеді, жатып қалуға қарсы төзімді.

Қалыңдығы орташа, жапырақтануы жақсы.

Павлодар облысы



Қостанай облысы



**ЖАЗДЫҚ БИДАЙ**



**СҰРЫПЫ:** жаздық жұмсақ бидай – Астана

**БАҒЫТЫ:** жоғары сапалы астық өндіру

**ҚЫСҚАША СИПАТЫ:** бұл сұрып Лютесценс И-2959 х Целинная 90 типтерін будандастыру барысында өсіріп шығарылды. Түрі – лютесценс (ақ масақ, қылтанақсыз, салбырамаған, дәні қызыл).

Өсу мерзімі  
**80-84**  
КҮН

максималды өнімділік  
**37,5**  
Ц/ГА

өнімділігі орташа  
**20,8**  
Ц/ГА

1000 дәннің салмағы 30,0 – 35,1 г



**35,9%**

шикі желімтік

**16,1%**

ақуыз

Пішіні жартылай дөңгелек, қызыл түсті, шыны тәрізді, негізі масақ, жырашығы терең, дәні орташа.

**Масағы**

Масағы сабақта тігінен тұрып орналасады. Масағының пішіні ұшына қарай тарылатын призмалы, бояуы ақ, Масағының тығыздығы орташа. Масақ қабыршақтары кедір-бұдыр, ланцетті, орташа ұзындығы 9–10 мм, орташа ені 4–5 мм, нервация айқын білінген.



ертелігі орташа тип

Түптену кезінде бұтасының пішіні – тік тұрады

Егіндік алқабы:

**1,2**  
МЛН. ГА

Ақмола облысы



Солтүстік Қазақстан облысы



2016 ж. өнімділігінің экологиялық сынақтары Солтүстік Қазақстан АШТС.



## ЕСЕП ТУРАЛЫ

Компания жыл сайын өз қызметінің нәтижелері туралы Жылдық есеп дайындайды. Есепте операциялық және қаржылық қызметінің негізгі қорытындылары, негізгі міндеттердің іске асырылуы баяндалады, компаниядағы Корпоративтік басқару туралы, соның ішінде Директорлар кеңесінің және Басқарманың қызметі туралы ақпарат келтіріледі, Тәуекелдерді басқару мәселелері, сондай-ақ Әлеуметтік саясаттың аспектілері ашып көрсетіледі. Маркетинг және сапа менеджменті жүйесі тақырыптары қосымша жарияланады.

Есепті кезең ретінде 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезең алынады. Компания қызметінің көрсеткіштері бірнеше жылдағы динамикада ұсынылған.

Корпорация өз қызметіне тұрақты даму қағидаттарын енгізуге талпынады. Біз қоршаған ортаға экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсер етуді тиімді басқарумен жұмыс жасаймыз және мұндай жұмыс біздің корпоративтік есептілігімізде көрініс табады. Ағымдағы жылы жылдық есептің «Кадрлық және әлеуметтік саясаты» бөлімі GRI Standards талаптарының ескерілуімен дайындалды. GRI (Есептілік бойынша жаһандық бастама) бүгінгі таңда

қаржылық емес есептілік стандарттарын әзірлеу бойынша жетекші әлемдік ұйымдардың бірі болып табылады.

Біз барлық мүдделі тараптардың Корпорация қызметі туралы қажетті және өзекті ақпаратты алуы үшін жылдық есептемені дамытумен жұмыс жасауды және GRI стандарттарының қолданылу ауқымын кеңейтуді жалғастырамыз.

Жылдық есепті жасаған кезде ҚР Статистика жөніндегі комитетінің, «Қазақ мал шаруашылығы және жем өндіру ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің, «ҚМШЖӨҒЗИ» ЖШС қой өсіру ҒЗИ Филиалының, «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндіріс орталығы» ЖШС-нің материалдары пайдаланылды.

Осы есептегі ақпарат бойынша сұрақтармен Корпорацияның орталық кеңсесіне +7 (7172) 55-99-90 телефоны арқылы жүгінуге болады немесе бізге [info@agrocredit.kz](mailto:info@agrocredit.kz) мекенжайына жазыңыз. Біз сондай-ақ осы есептің мазмұнына қатысты кері байланыс алуға қуанышты боламыз: Сіз өзіңіз үшін тағы қандай мәліметтердің қызықты болатынын хабарлай аласыз. Бұл ақпарат компанияның жылдық есептерін әрі қарай дайындау барысында ескеріледі.





# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК





«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Әл-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961  
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 5960  
Fax: +7 727 258 5961

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамның Акционері мен басшылығына

### **Пікір**

Біз «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Корпорация») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, пайда мен зияндар туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

### **Пікірді білдіру негізі**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі – «БХЭСК Кодексі») сәйкес Корпорацияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### **Аудиттің шешуші мәселелері**

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты бұл мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

### **Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервінің жеткіліктілігі**

Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервінің деңгейін бағалау Корпорация басшылығы пайымдауының шешуші саласы болып табылады. Құнсызданудың белгілерін анықтау және өтелетін құнды айқындау субъективті пайымдауды айтарлықтай пайдалану, жорамалдарды пайдалану және түрлі факторларды, оның ішінде қарыз алушының қаржылық жай-күйін, күтілетін келешек ақша ағындарын және кепіл мүлкінің құнын талдау кіретін процесс болып табылады. Түрлі модельдер мен жорамалдарды пайдалану клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервінің сомасына едәуір әсер ете алады.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтығында Корпорация активтерінің жалпы сомасының 62% құрайтын клиенттерге берілген несиелердің едәуір сомаларының, сондай-ақ басшылық пайдаланған маңызды пайымдаулардың күшіне орай, құнсыздану резервін бағалау аудиттің шешуші мәселесін білдірді.

Біздің аудиторлық процедураларымызға клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануын бағалау әдістемесін талдау, сондай-ақ құнсыздану белгілерін анықтау процестеріне бақылау жасау және несиелердің құнсыздану резервін есептеу құралдарын талдау әрі тестілеу кіреді. Аудиторлық процедуралардың шеңберінде біз жорамалдарды талдап, Корпорация клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануын бағалау кезінде пайдаланған бастапқы деректерді жиынтық негізде, оған қоса зиян коэффициенттерін, дефолт ықтималдылығын және қайтарылмайтын шығындар деңгейін тестіледік. Біз болған шығындар жөніндегі статистикалық ақпаратты бағалау кезінде қолданылған Корпорация басшылығы пайымдауларының бірізділігін, сондай-ақ қолданылатын құнсыздану моделін ортақ қабылданған практикаға және біздің кәсіпқой пайымдауымызға сәйкестігін сараладық. Клиенттерге берілген елеулі несиелердің құнсыздануын дербес негізде бағалауға қатысты біз Корпорация басшылығының келешек ақша ағындарын алу бойынша үміттерін, оның ішінде біздік кәсіптік пайымдауымыздың және нарықта қол жетімді ақпараттың негізінде кепіл мүлкі өндіріліп алынған жағдайда талдадық.

Біз қаржылық есептіліктің 8-ескертпесінде ашылып көрсетілген, клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві туралы ақпаратқа қатысты процедураларды орындадық.



### **Корпорацияның 2016 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат**

Басқа да ақпаратқа Жылдық есепте қамтылған ақпарат жатады, бірақ қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Жылдық есеп, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### **Басшылықтың және Директорлар кеңесінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Корпорацияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Корпорацияны таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Корпорацияның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### **Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.





Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Корпорацияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Корпорацияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Корпорацияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші - Бахтиёр Эшонкулов.

*Ernst & Young LLP*

Бахтиёр Эшонкулов  
Аудитор / Аудит жөніндегі партнер

Аудитордың 2012 жылғы 27 тамыздағы №  
МФ-0000099 біліктілік куәлігі

050060, Алматы, Қазақстан Республикасы  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7

2017 жылғы 18 наурыз



Гульмира Турмагамбетова  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-нің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында  
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған  
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2,  
№ 0000003, Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрлігімен 2005 жылғы  
15 шілдеде берілген

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 жылдың 31 желтоқсанына

(мың теңгемен)

	Ескер.	2016 жыл	2015 жыл
<b>Активтер</b>			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	30.072.378	7.414.124
Несиелік ұйымдардағы қаражат	6	26.053.315	9.243.167
Клиенттерге берілген несиелер	8	135.725.198	124.504.541
Сатуға арналған активтер		-	5.250
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	7	23.306.474	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	10	348.631	359.573
Негізгі құралдар	9	208.369	244.758
Материалдық емес активтер	11	193.681	175.247
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	17	205.713	233.574
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер	17	1.459.287	427.022
Басқа да активтер	12	795.526	1.362.163
<b>Активтер жиыны</b>		<b>218.368.572</b>	<b>143.969.419</b>
<b>Міндеттемелер</b>			
Акционердің алдындағы берешек	13	13.361.704	27.360.358
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	14	51.648.620	27.742.150
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	15	2.192.352	19.942
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері		171.045	152.885
Басқа да міндеттемелер	16	622.563	230.230
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>67.996.284</b>	<b>55.505.565</b>
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	18	158.630.371	94.227.371
Қосымша төленген капитал	18	6.831.528	5.291.347
Резервтік капитал	18	1.086.111	1.086.111
Шартты бөлу резерві	18	(15.008.072)	(8.594.957)
Жинақталған зиян		(1.167.650)	(3.546.018)
<b>Капитал жиыны</b>		<b>150.372.288</b>	<b>88.463.854</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>		<b>218.368.572</b>	<b>143.969.419</b>
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	18	946,72	936,97

Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Гүлназ Төреханқызы Атамқұлова



Басқарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2017 жылғы 18 наурыз

6-37 бет аралығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

## ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)

	<i>Ескер.</i>	<b>2016 жыл</b>	<b>2015 жыл</b>
<b>Пайыздық кірістер</b>			
Ақша қаражаты мен оның баламалары		2.668.972	575.443
Несиелік ұйымдардағы қаражат		1.836.697	540.437
Клиенттерге берілген несиелер		14.224.721	10.088.673
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар		80.096	—
		<b>18.810.486</b>	<b>11.204.553</b>
<b>Пайыздық шығыстар</b>			
Акционердің алдындағы берешек		(1.552.760)	(1.889.074)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(3.572.108)	(1.414.937)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек		(120.111)	(3.056)
Несиелік ұйымдардың қаражаты		—	(55.155)
		<b>(5.244.979)</b>	<b>(3.362.222)</b>
<b>Таза пайыздық кіріс</b>		<b>13.565.507</b>	<b>7.842.331</b>
Пайыздық кірістерді әкелетін активтердің құнсыздану резерві	6, 8	(6.629.690)	(3.557.741)
Пайыздық кіріс әкелетін активтердің құнсыздану резервін шегере отырып, таза пайыздық кіріс		<b>6.935.817</b>	<b>4.284.590</b>
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза (зиян)/кіріс		(234)	14.129
Басқа да кірістер		248.092	397.608
Басқа да шығыстар		(196.552)	(541)
<b>Пайыздық емес кірістер</b>		<b>51.306</b>	<b>411.196</b>
Қызметкерлер құрамының шығыстары	19	(1.950.581)	(1.861.433)
Басқа да операциялық шығыстар	19	(1.288.657)	(1.243.335)
<b>Пайыздық емес шығыстар</b>		<b>(3.239.238)</b>	<b>(3.104.768)</b>
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		3.747.885	1.591.018
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	17	(826.853)	(505.689)
<b>Бір жылғы пайда</b>		<b>2.921.032</b>	<b>1.085.329</b>
<b>Жай акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)</b>		<b>26,25</b>	<b>11,52</b>

Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Гүлназ Төреханқызы Атамқұлова



Басқарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2017 жылғы 18 наурыз

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП****2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<u>Ескер.</u>	<u>2016 жыл</u>	<u>2015 жыл</u>
Бір жылғы пайда		2.921.032	1.085.329
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		-	-
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		<u>2.921.032</u>	<u>1.085.329</u>

Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Гүлназ Төреханқызы Атамқұлова




Баскарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева



Бас бухгалтер

2017 жылғы 18 наурыз

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

## 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Шартты бөлу резерві	Жинақталған шығын	Жиыны
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	94.227.371	4.296.627	1.036.490	(7.521.118)	(4.135.140)	87.904.230
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	1.085.329	1.085.329
Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (18-ескертпе)	-	994.720	-	-	-	994.720
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (18-ескертпе)	-	-	-	(1.073.839)	-	(1.073.839)
Резервтік қорды ұлғайту	-	-	49.621	-	(49.621)	-
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(446.586)	(446.586)
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	94.227.371	5.291.347	1.086.111	(8.594.957)	(3.546.018)	88.463.854
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	2.921.032	2.921.032
Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (18-ескертпе)	-	1.540.181	-	-	-	1.540.181
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (18-ескертпе)	-	-	-	(6.413.115)	-	(6.413.115)
Жарғылық капиталды ұлғайту (18-ескертпе)	64.403.000	-	-	-	-	64.403.000
Жарияланған дивидендтер (18-ескертпе)	-	-	-	-	(542.664)	(542.664)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>158.630.371</b>	<b>6.831.528</b>	<b>1.086.111</b>	<b>(15.008.072)</b>	<b>(1.167.650)</b>	<b>150.372.288</b>

Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Гүлназ Төреханқызы Атамқұлова



Басқарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2017 жылғы 18 наурыз

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)

	Ескер.	2016 жыл	2015 жыл
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Алынған пайыздар		15.057.565	6.971.177
Төленген пайыздар		(3.708.767)	(1.750.287)
Туынды қаржы құралдары бойынша іске асырылған кіріс		79.913	24.129
Шетел валютасымен операциялар бойынша іске асырылған кіріс / (залал)		(234)	14.129
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(1.922.446)	(1.759.300)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(1.221.603)	(1.087.908)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары</b>		<b>8.284.428</b>	<b>2.411.940</b>
<i>Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азаяуы</i>			
Несиелік ұйымдардағы қаражат		(16.681.137)	(8.985.859)
Клиенттерге берілген несиелер		(22.808.806)	(25.016.196)
Басқа да активтер		685.404	598.657
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азаяуы)</i>		<i>757.589</i>	<i>337.341</i>
Басқа да міндеттемелер			
<b>Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы</b>		<b>(29.762.522)</b>	<b>(30.654.117)</b>
Төленген корпоративтік табыс салығы		(584.864)	(158.453)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы</b>		<b>(30.347.386)</b>	<b>(30.812.570)</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	7	(23.238.497)	-
Негізгі құралдарды сатып алу	9	(20.325)	(94.157)
Материалдық емес активтерді сатып алу	11	(71.672)	(22.018)
Сатуға арналған активтерді сату		-	5.250
<b>Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза пайдаланылуы</b>		<b>(23.330.494)</b>	<b>(110.925)</b>
<b>Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Акционерден тартылған қарыз қаражатының түсуі		45.519.031	31.587.143
Акционерден тартылған қарыз қаражатын өтеу		(59.739.473)	(16.821.274)
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түскен түсімдер		22.826.050	27.412.689
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		-	(2.870.000)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан қарыз қаражатының түсуі	15	3.890.000	-
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыз қаражатын өтеу	15	(19.810)	(42.471)
Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсім	18	64.403.000	-
Несиелік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу		-	(2.000.000)
Акционерге дивидендтерді төлеу	18	(542.664)	(446.586)
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі</b>		<b>76.336.134</b>	<b>36.819.501</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы</b>		<b>22.658.254</b>	<b>5.896.006</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	7.414.124	1.518.118
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>5</b>	<b>30.072.378</b>	<b>7.414.124</b>

Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Гүлназ Төреханқызы Атамкүлова



Басқарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2017 жылғы 18 наурыз

6-37 бет аралығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

# КОРПОРАЦИЯ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ

ОБЛЫСЫ	МЕКЕН-ЖАЙЫ	ТЕЛЕФОН
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	Көкшетау қ., Абай көшесі 96, 608-612 каб.	8 (7162) 55-10-96 (97,98,99)
	Астана қ., Иманов көшесі 11, Нұрсәулет БО 1, 4-қабат, 405 каб.	8 (7172) 55-99-69
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан даңғылы 51/1, сол жақ қанат	8 (7132) 70-47-13 (14)
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	Талдықорған қ., Абылайхан көшесі, 125	8 (7282) 55-86-51 (52)
	Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 404/67 үй, қ.н. 3	8 (727) 330-75-04
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	Атырау қ., Сәтбаев көшесі, 13А, 4-қабат	8 (7122) 30-61-61, 30-72-27, 30-72-22, 55-69-93
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	Өскемен қ., Қабанбай батыр көшесі 87/2, 3-қабат	8 (7232) 56-02-10 (11,12,13)
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	Тараз қ., Төле би көшесі, 93А, 4-қабат	8 (7262) 99-90-00 (01,02); 99-98-98, 99-98-73
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	Орал қ., Ихсанов көшесі 38, 3-қабат	8(7112) 55- 47- 09 (10); 55-49-97
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	Қарағанды қ., Бұхар Жырау даңғылы, 51/1 құрылыс, 101-106 кабинеттер	8 (7212) 55-99-91, 55-99-87
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	Қостанай қ., Бауман көшесі 1А, «БОСС» бизнес орталығы, 3-қабат, 32,33,37 каб.; 4-қабат, 42, 43, 44 каб.	8 (7142) 99-97-19 (26, 27); 99-09-89 (91, 94)
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	Қызылорда қ., Қонаев көшесі, 33, 1-қабат	(7242) 55-17-99
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	Павлодар қ., Крупская көшесі 71Б, 1 кіреберіс, «ТАРЛАН» БО	8 (7182) 70-47-06 (07); 70-38-19
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	Петропавл қаласы, Букетов көшесі 31а үй, 201-205 кеңселер	8 (7152) 55-97-26 (04, 06)
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	Шымкент қ., Еңбекші ауданы, Сол- түстік-Шығыс ықшамауд., 303В ғимарат	8 (7252) 99-89-72 (90)





“АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ” АҚ



АО “АГРАРНАЯ КРЕДИТНАЯ КОРПОРАЦИЯ”